

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ
ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/

БЕЙСЕНБІ, 8 MAУCЫM, 2023 ЖЫЛ №63 (23 239)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

• МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Өзектен шыққан өрт жаман...

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев былтыр Қостанай облысында алапат өртпен күресіп жүрген өрт сөндірушілермен кездесу барысында «Барлық өрт сөндірушілер, өртпен күресіп жатқандар, осы төтенше жағдайдағы ерлік үшін барлығын награда мен сыйақыға ұсыныла-сындар. Материалдық жағдайды көтеру, баспанамен қамту, кадрларды дайындау бойынша ең ауқымды шаралар қолға алынады», – деген еді. Быыл күннің күрт ысуына байланысты табиғи өрттің тұтану қаупі арта түседі. Әсілі, өршіген өрттің артында адамның тағдыры тұр...

жуық адам, 8 мыңнан астам техника, су төгетін 10 тікұшақ, 46 өрт сөндіру пойызы жұмылдырылады. Отпен күресуге арналған жабдықтар мен мұқамал 6 мың бірлікті құрауда. 1 318 мотопомпа, 32 мыңнан астам шанш аспаптары бар рюкзактық өрт сөндіргіштер даяр. Сонымен қатар, ірі өрт-

дылығы жоғары өрт автоцистерналарымен жаратандырылған өртке қарсы мемлекеттік қызметтің жиынтық отрядтарын қалыптастырды. Орман алқабы мен даладағы өрт ошақтарын уақытылы анықтау үшін тұрақты авиациялық патрульдеу жұмысы жолға қойылған. Ғарыштық мониторингті қамтамасыз ету мақсатында барлық өңірлерде «Қазақстан Ғарыш Сапары» АҚ-мен тиісінше келісімшарттар жасалды.

Не дегенімізбен, қабылданған тастүйін шараларға қарамастан, өрт қауіпті кезең басталғаннан бері 34 көктемгі орман өрті

Ерканат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Соңғы кезде тілсіз жау даладан да қаладан да кезек шығып, шиыршық атып тұр. Жаз маусымында республика өңірлерінде де тілсіз жаудан келер қауіп жоғары деген болжам бар. Бұл туралы Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өртке қарсы қызмет комитетінің төрағасы Нұрболат Дербісов мәлімдеді. Өткен жылы Қазақстан аумағындағы табиғи өрт салдарынан Қостанай облысында бір рет, Шығыс Қазақстан облысында екі рет төтенше жағдай жарияланған.

«Қазгидрометтің» болжамды деректері бойынша алдағы өрт қауіпті кезеңінде температура орта есеппен +25°C, ал республиканың оңтүстік, шығыс және батыс бөлігінде температураның +30°C дейін жоғарылап, жауын-шашын тапшылығы күтіледі. Бұл орман қорындағы өрт қаупін едәуір арттырады.

Министрлік әкімдіктермен және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп алдын алу шараларының кешенін қабылдауда. Мүдделі мемлекеттік органдармен келісілген арнайы ведомствоаралық жоспар бекітілді.

Жоспарда облыстық арнайы штабтар құру, қызметтердің өзара іс-қимылын ұйымдастыру бойынша тактикалық оқу-жаттығулар өткізу, байланыс, хабарлау және



халықты ақпараттандыру кестесін түзету көзделді.

Іс-қимыл жоспарына сәйкес, төтенше жағдай кезінде ірі өрт аймағына 39 мыңға

тер туындаған жағдайда Министрлік жергілікті жерлерде табиғи өрттерді автономды режимде 14 тәулікке дейін сөндіруге қабілетті, өтімділігі жоғары және сыйым-

тіркелгенін, өрттің жалпы ауданы 7 мың гектардан асқаны мәлім. 2022 жылы 801 орман және 111 дала өрті болды.

► 4-бет

• ҚҰЛАҚАҒЫС

Қарқаралы ауданы тұрғындарының назарына!



Қарағанды облысының әкімі
ЕРМАҒАНБЕТ БӨЛЕКПАЕВ
Қарқаралы ауданының тұрғындарымен кездеседі

(8-72146) 31-3-66

жұмыс күндері сағат 09:00-ден 18:30-ға дейін (түскі үзіліс 13:00-ден 14:30-ға дейін)

karkar_org@krg.gov.kz

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Қарқаралы ауданына барды. Өңір басшысы тұрғындармен кездесіп, жеке қабылдау өткізеді.

Халықпен кездесу 2023 жылғы 8 маусымда сағат 11.00-де Қарағайлы кентінің мәдениет үйінде өтеді.

Халықтан сұрақтар мен ұсыныстар жинау үшін жұмыс тобы құрылды.

Өтініштеріңізді (8-72146) 31-3-66 телефоны бойынша жұмыс күндері сағат 09:00-ден 18:30-ға дейін (түскі үзіліс сағат 13:00-ден 14:30-ға дейін) немесе электрондық мекенжайға қалдыруға болады: karkar_org@krg.gov.kz.

• ӨЗЕКТІ

Ерте жүктіліктің соңы қайда апарады?

Быылғы жылдың төрт айында кәмелеттік жасқа толмаған 75 жеткіншек жүкті болып қалған. Бұл деректі облыстың денсаулық сақтау басқармасы келтіріп отыр. Былтыр мұндай кезде 69 жағдай тіркеліпті. Көбінесе жеткіншектің жүктілігі уақыты жақындаған кезде ғана белгілі болады екен.

айту ерте деп есептейді. Сөйтіп жүргенде сеніп болып кеткенін аңғармайды. Балаға кешінен қарап, жауапкершілікті сезіндіру керек, – дейді М.Идрисова.

Оның ойынша, бұл жағдай қыз баланың

лардың көпшілігі қолдайды. Алайда, оның да зияны жетерлік. Жасөспірім кезіндегі түсік жасату көптеген жағымсыз салдарға алып келеді, – дейді дәрігер.

Бұдан туындайтын әлеуметтік мәселе-

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Көбінесе бұл фактілер кеш анықталып жатады, – дейді денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Гүлжан Жиембаева. Әдетте қыздар жүктілігін ата-анасынан жасырады. Іші өскенде ғана мойындайды. Бұл жағдайлардың барлығын біз тіркеп, құқық қорғау органдарына жолдаймыз. Әрқайсымен жұмыс жүргізіледі.

Оның айтуынша, жүкті болып қалған 16-18 жастар қыздар.

Болары болып, бояуы сінген кезде кінәліні іздей бастайтын біздің қоғам бірінші қыздың өзін, сосын оның ата-анасын алқымынан алады. Ұстаздарын да кінәлайды. Біз бұл жағдайдың орын алу себебін емес, салдарын айтқымыз келеді. Алдын алғымыз келеді.

Ең әуелі жеткіншектің ағзасы бала көтеруге дайын емес екендігін ескеруіміз керек.

– Ерте жүктілік сол кезеңде және босану кезінде асқынуларға алып келуі мүмкін. Қыз бала жас болған сайын оның денсаулығы мен өміріне төнетін қауіп арта түседі. Плацентарлық жеткіліксіздік, түсік тастау, анемия, ерте босану, гипоксия болу ықтималдығы жоғары. Нәресте аз салмақпен дүниеге келуі мүмкін. Себебі, жеткіншектің ағзасы баланың дұрыс өсіп жетілуін толық қамтамасыз ете алмайды. Жүрек қан-тамырларына, эндокриндік жүйеге, ішкі ағзаларға едәуір салмақ түседі, – дейді №5 емхананың профилактика және әлеуметтік психологиялық көмек бөлімінің меңгерушісі Раиса Боревич.

Мамандарға сүйенсек, мәселенің шешімі – жыныстық сауат. Қыз да, ұл да ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін үйренуі керек дегенді алға тартады. Мектепте, от-



басында бұл мәселе айтылуы қажет екенін біреміз білеміз. Бірақ, балалар ақпаратты көбінесе интернеттен, жолдастарынан алады. Біздің қоғам – ашық қоғам. «Бұл жылы жауып қоятын мәселе емес» деп санайды психолог Меруерт Идрисова.

– Ата-аналар балаларымен жыныстық қатынас туралы әңгімелесуден қашақтайды, қорқады немесе ұялады. Ал қазір интернетте бәрі бар. Ата-ана баласымен арада әңгіме болса қызығушылық танытып, ұрынып қалар деп ойлайды. Енді бірі бала кезде

психикасына да әсер етуі мүмкін.

– Осындай жағдайға тап болған жас қыздар ата-анасына, үлкендерге айтпай, барлығын ішінде сақтайды. Бұл өз кезегінде бірқатар мәселелерге алып келеді. Мәселен, өзіне қол жұмсауы мүмкін. Бұл жерде балаға қолдау қажет. Бірінші кезекте ата-анасының қолдауы мен қабылдауы керек, – дейді ол.

Раиса Федоровна түсік жасату да мәселенің шешімі емес екенін айтты.

– Түсік жасату туралы шешімді ата-ана-

лер жеке тақырыпқа «азық» боларлық.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегіне сүйенсек, жыл сайын әлемде кәмелеттік жасқа толмаған 16 миллион қыз жүкті болады. Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы елдерінің арасында қазақстандық жасөспірімдердің жүктілігі алты есе жиі кездеседі екен. Мәселені отбасында ашық айтпай, мектепте жастармен насихат, түсіндіру жұмыстарын жүргізбесе, қорқынышты статистика көбейе береді ме деген қауіп басым.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2023 жылдың

II жартыжылдығына арналған «Ortalyq Qazaqstan» облыстық газетіне жазылу науқаны жалғасуда. Газетке жазылуы «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, редакцияда ресімдеуге болады

Санаты	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша Қала	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша Аудан / ауыл
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға 5848,50 тг	6 айға 5919,00 тг
Жеке жазылушылар үшін	6 айға 3100,50 тг	6 айға 3111,00 тг

Қарағанды қ., Ермеков қ., 33 8 қабат, 88 қаб.

Анықтама телефондары:
Руслан – 8-775-482-22-02
Ботагөз – 8-778-846-00-01
Нұрсұл – 8-705-902-04-05
Тел.: 43-57-89
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru



• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Теміртауда тың серпін

Теміртауда жол жөндеу бойынша ауқымды жұмыстар басталады. Орталық магистральдар мен орамшылқ жолдардың 53 шақырымы жөнделеді. Қалаға арнайы жұмыс сапарымен барған облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жасалып жатқан жұмыстар және алдағы жоспарлармен танысты.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазір қаладағы №1,2,3 жылу желілерін ауыстыру жұмыстары жүргізілуде. Облыс әкімі жөндеу жұмыстары барысында мердігерлердің қолында құрылыс материалдары толық болмайынша, құбырларды бөлшектеуге жол бермеу керектігін тапсырды. Биыл алты жоба жүзеге асып, 29 шақырымға жуық жылу құбырлары жөнделеді.

Алғаш рет қала ішіндегі жолдарды жөндеу ауқымды түрде жүзеге аспақ.

— 53 шақырым жол жөнделмек. Орталық көшелер мен орамдар, сондай-ақ аула аумақтары асфальтталады. Сонымен қатар, жолдардың нашар учаскелеріндегі шұңқырларға жөндеу жұмыстары жүргізілуде. «Окжетпес» және «Аква-Трейдинг» маңындағы су құбырларында болған апаттар жойылған жерге асфальт төселеді, — деді тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жол-ауыштық және автожолдар бөлімінің басшысы Ескендір Қабидалла.

Бұқаралық спортты дамыту әрі ересектер мен балалардың сұраны-



сын қанағаттандыру мақсатында 30 ойын алаңы мен 10 футбол қорты орнатылады. Мердігер — жергілікті компания. Алдағы уақытта 12 шағын сәулет орындары, тренажерлар, самалжайлар және орындықтар

орнату жоспарланған.

Сонымен қатар, облыс әкімі «Металлург» стадионы, «Жастар» бассейні және «Строитель» спорт кешені аралады. Аталмыш нысандар жөндеу жұмыстарын қажет

етеді. Әрі ғимараттар үлкен болғандықтан, қаражаттың көп кететіні анық. Сондықтан биылғы жылы бассейнің желдету жүйесі мен терезелерін ауыстырмақ. Стадион мен бассейнді Теміртау қаласы әкімдігінің балансына беру мәселесі көтерілді. Егер мәселе оң шешімін тапса, алдағы уақытта жөндеу жұ-

мыстарына бюджеттен қаражат бөлуге мүмкіндік бар.

Аймақ басшысы жылыту маусымына дайындық мәселесі бойынша кеңес өткізді.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



• ЖАС ҒАЛЫМ

Грант иегері атанды

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің доценті, Ph доктор Медғат Мұсаев 2022-2024 жылдарға арналған «Жас ғалым» жобасы бойынша грант иегері атанды. Оның ұсынған жобасы тозуға төзімділікті арттыру және шина тесетін құрал-саймандарының дизайнын жетілдіруді көздейді.

Салтанат ГИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Медғат Мұсаевтың жобасы бойынша өнімділікті арттыруға және нығыздау құралының шығындарын азайтуға болады. Одан бөлек, металл кесетін құралдардың тозуға төзімділігін қамтамасыз ету кезінде бірқатар мәселелерді шешуге болады. Жобаның құны шамамен 36 млн. теңге.

Одан бөлек, Медғат Мұсаев биыл «Жарқын болашақ үшін тұрақты энергия» тақырыбындағы мұралдың эскиздер байқауына қатысқанын айту керек. Байқауды ұйымдастырған — Еуропалық

Одақтың «Орталық Азиядағы орнықты энергетикалық байланыстар (SECCA)» жобасы, ал серіктестері — Астана қаласының урбанистика орталығы, Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы және электр энергетикасы мен энергия үнемдеуді дамыту институты.

60 қатысушының ішінде жас ғалым П орынды иеленді. Медғат Мұсаев күзде басқа жеңімпаздармен бірге шетелге сапарға аттанады. Онда жаңартылатын энергия көздері, энергия үнемдеу және тұрақты энергетикаға қошу саласындағы еуропалық тәжірибемен танысады.

• РЕСМИ

Су айдындарында суға түсу — тегін

«Шұбартүбек», «Торанғалық» сынды демалыс орындарында тек көлге түсуі үшін демалушылар белгілі бір мөлшерде ақша төлеп кіретін. Бұл, әрине, кәсіпкерлердің қызметінен бөлек. Бұдан былай демалушылар көлге тегін түсетін болады. Бұл туралы Гүлшат кенті және Шұбартүбек елді мекенінің әкімі Расул Касенхан өзінің Facebook парақшасында жариялады.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

— Мемлекеттік жер кадастры ақпараттық жүйесі арқылы Шұбартүбек елді мекеніндегі жағажайдың барлығы кәсіпкерлерге ұзақ мерзімге (49 жылға) жалға берілген. ҚР Су кодексі және Жер кодексінде, әр азаматтың су айдындарын ортақ пайдалануға, емін-еркін кіруіне құқығы бары анық көрсетілген. Қазіргі жағдай ҚР ӘҚБтК 364-бабы 1-тармағының 2-тармақшасына сәйкес құқықбұзушылық деп танылады. Яғни, су айдындарына күзет қойып, тыйым салу, белгі орнатып, шектеу қою — заңбұзушылық. Шұбартүбектегі жағажайға дейінгі

жер учаскелері жекеменшік жер болғандықтан, жеке тұлғалардың (халықтың) су айдындарына кедергісіз кіруі үшін Балқаш қаласының әкімдігі Бас жоспарға сәйкес 6 сәуірде №16/09 «Жер учаскелеріне жария сервитут белгілеу туралы» қаулы шығарды. Бүгінде қаулы күшіне еніп, жер иелеріне жер бөлімі хабарлама жіберді. Енді қаулыға сәйкес жер иелері жеке тұлғалардың су айдынына тегін кіруіне кедергі келтіре алмайды. Егер құқығыңыз бұзылса, полиция бөліміне хабарласуға болады.


Бірақ, кәсіпкерлер өздері көрсететін қызмет түрлері — ақылы, — деді әкім әлеуметтік желідегі парақшасында.

• ҚҰҚЫҚ

Киберпол іске кірісті

Қаншама ескертулерге қарамастан, интернет алаяқтарға алданып қалатындардың қатары азырақ емес. Соңғы төрт жыл ішінде полиция бөлімдеріне бес мыңнан астам арыз түскен. Интернет алаяқтардың әрекетінен қазақстандықтар 3,5 миллиард теңгесінен айырылып отыр. Сондықтан, мұндай қылмыспен арнайы айналысатын қызметтің болуы орынды. Облыстық полиция департаментінде киберқылмыстармен күресетін жаңа бөлініс өз жұмысын бастады.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»



Бөліністе тергеушілер, жедел уәкілдер мен криминалистерден бөлек жетекші IT-компаниясының және ПМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының қызметкерлері жұмыс істеуде. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев арнайы бөлініс жұмысымен танысып қайтты.

— Біз интернет алаяқтығы қылмысымен күресудің жаңа тәсілін қолдануды бастадық. Жәбірленушілердің арызы енді «бір терезе» қағидаты бойынша қабылданады. Жедел уәкілдер, тергеушілер және криминалистер бір жерде қызмет атқаратын болады. Бұрын жәбірленушінің арызы бір адамнан екінші қызметкерге өтетін. Салдарынан 3-4 күн уақыт жоғалтатынбыз. Қазір ақша айналымын барынша ерте бұғаттау жұмыстарын жасауға мүмкіндігіміз бар, — деді полиция департаментінің басшысы Санжар Әділов.

Киберпол арнайы бөлініс цифрлық лабораториямен жабдықталған. Мамандар гаджеттерді бақылау

арқылы интернет алаяқтардың жаңа сайттар бағдарламаларын анықтай алады.

— Киберқылмыспен күресетін бөлінісінің ашылуы уақыт талабы, — деді Ермағанбет Бөлекпаев. — Интернет пен цифрлық технологиялардың күнделікті өмірімізге еніп кеткендігі сонша, кейде қандай да бір сілтемелердің қаншалықты қауіпті екенін аңғармай да қаламыз. Полиция қызметкерлерінің жүргізіп жатқан алдын алу жұмыстарына қарамастан, тұрғындар алаяқтардың құрығына әлі де түсіп жатыр. Сондықтан да бұл қылмыс түрімен күресуге жаңа тәсілдер қажет.

Ашылғанына біраз болса да бөлініс жұмысы нәтижелі. Өткен аптада киберпол қызметкерлері алаяқтықпен айналысқан екі қылмыстық топты ұстады. Бүгінгі күні полиция департаментінің өндірісінде алаяқтық дерегіне қатысты 400 қылмыстық іс бар.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Ауылдарға ауыз су тартылады

Ауыз су — ауыл тұрғындары үшін маңызды мәселе. Бүгінде оны шешу жолында көптеген жұмыстар атқарылуда. Мәселен, Қарқаралы ауданы аумағындағы Бүркітті, Теректі, Томар, Матақ елді мекендерінде су құбырын салу және реконструкциялау жұмыстары жалғасуда.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аудан халқын таза ауыз сумен қамтамасыз етуде бірнеше ірі жоба жүзеге асырылуда. Жалпы құны 2,9 млрд. теңге болатын «Жарлы-Қарқаралы» топтық су жүйесі қала басындағы су мәселесін түбегейлі шешеді. Былтыр бөлінген 1,8 млрд. теңге толықтай игеріліп, биыл Ұлттық қордан 108 млн. теңге, облыстық бюджеттен 400 млн. теңге қаражат бөлінді.

Бүркітті елді мекеніне су құбырын салу жобасының құны 1,1 млрд. теңге. 2022 жылы Ұлттық қордан бөлінген 794,3 млн. теңгенің 733,2 млн. теңгесі игерілді. 12,2 шақырым құбыр тартылды. Жобалау-сметалық құжаттың түзетілуіне және мердігердің өндірістік жұмыс кестесінен артта қалуына байланысты 60,8 млн. теңге

игерілмеген. 2023 жылы облыстық бюджеттен 189,2 млн. теңге ақша қарастырылды.

Теректі ауылына тартылып жатқан су құбырын салу жобасының құны 522,3 млн. теңге. Өткен жылы Ұлттық қордан 100,0 млн. теңге бөлінді, толық игерілді. Қазіргі таңда 12,1 шақырым құбырдың 8 шақырымы салынған. Биыл Ұлттық қордан 61,9 млн. теңге бөлінді.

Аудан орталығынан шалғайда орналасқан Томар ауылының ауыз су құбырларын реконструкциялау жобасының құны 310,4 млн. теңге. Биыл Ұлттық қордан 248,3 млн. теңге және аудандық бюджеттен 10,0 млн. теңге берілді. Сонымен қатар, Матақ ауылындағы ауыз су құбырларын реконструкциялау жобасының құны 370,3 млн. теңгені құрады. Республикалық бюджеттен 124,4 млн. теңге, Ұлттық қордан 171,9 млн. теңге қаражат бөлінді.

Жергілікті жолдар жөнделуде

Биыл тоғыз жолдың торабындағы Абай ауданына қарасты жолдарды жөндеу жалғасып, бірқатар жол жаңғыртылып, жақсартылды. Аудандағы маңызды жолдардың 58,4 километрін жөндеу үшін аудандық және облыстық бюджеттен 2,4 миллиард теңге бөлінді, осы жұмыстарды атқаратын мердігерлер белгіленген екен.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазір жұмыс басталып та кеткен. Мәселен, Тасзаемка ауылына кіреберіс 2,2 километр жолды жаңғыртуға бөлінген 1128 миллион теңгені игеруді «Дорстрой LTD» ЖШС міндетіне алып, оны жыл аяғына дейін аяқтамақ.

Бұдан бөлек аудандық маңызы бар автожолдардың орташа жөндеуі бойынша екі жылдық жобалар да жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, Вольный ауылына кіреберіс

9 километр жолды жөндеуге бөлінген 280 миллиондық жұмыстың 90 пайызын «Қарағанды жол құрылысы» ЖШС бітіріп, маусым айының соңына қарай толық тәмамдамақшы.

Ал, Көксу ауылына да кіретін 5 километр жолдың орташа жөндеуіне қарастырылған 151,4 миллион теңгенің шаруасын «Tuberia Construction» ЖШС осы маусым айында бітіргелі отыр.

Сонымен бірге «Ауыл — Ел бесігі» бағдарламасы аясында 4 ауылдық округтегі 10,1 километр жол 431 миллион теңге



жөнделетін болып жоспарланған.

Аудан орталығы Абай қаласының өзінде ұзындығы 6,8 шақырым болатын жеті көше 241,7 миллион теңгеге орташа жөндеуден

өтеу. Сондай-ақ, мамыр-маусым айларында қаланың тағы да үш көшесіне 6,8 миллион теңгеге 0,5 шақырым жол төсеу қолға алынған.



РЕФОРМА —
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Ауданның 7 ауылдық елді мекеніне қарасты 15,2 километр жолды жөндеу де көзделіп, оған жергілікті бюджет есебінен 492 миллион теңге бөлінген көрінеді. Ол жұмыстар кешелі бері басталды да.

Осылайша автомобиль жолдарының жөндеуі көлік-коммуникация кешенінің басты элементінің бірі ретінде қызмет қылып, дамытылса, оның ел экономикасының қарқыны артуына да игі әсері болмақ. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің сөздерінде сан мәрте айтқан болатын.

Абай ауданы

• ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Отбасы орталығы ашылады

Қарағанды облысының кәметке толмағандар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне процесстік заңнаманы жетілдіру және сот жүйесін реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы сонымен қатар «Отбасылық сот» пилоттық жобасын, отбасылық даулар бойынша соттан тыс медиацияны іске асыру туралы дөңгелек үстел өтті. Онда неке кино мен жас отбасыларды ажырасуға алып келетін салдар жайында сөз қозғалды. Ата-анасы ажырасқаннан кейінгі баланың жағдайы, отбасында болатын жанжалдың алдын алу жолдары, медиация жайында айтылды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында «Он жылдай уақыт бұрын «Медиация туралы» Заңды қабылдады. Бірақ қазіргі кезге дейін бірде-бір мемлекеттік орган оның даму мәселесімен айналысқан емес. Айқын мемлекеттік саясат байқалмайды. Бұл жағдайды реттеп, қателікті жөндеу керек» деген болатын.

Шараға сот төрағалары мен басқарма жетекшілері қатысты. Шара облыстық кәметке толмағандар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы – Динара Мутубаеваның сөзімен басталды. Ол өз сөзінде пилоттық бағдарламаны жүзеге асыру аясында, көп балалы ата-аналарға әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету жұмыстары жүргізілетінін атап өтті. Одан бөлек, шара барысында облыстық соттың судьясы Елена Кириллова «Сот жүйесін реформалаудағы іс жүргізу заңнамасын жетілдіру мәселесі бойынша Қа-

зақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды түсіндіру», облыстық сот судьясы Лейла Калиакпарова «Отбасылық даулар бойынша соттан тыс медиация» тақырыптарында баяндама оқыды. Лейла Калиакпарованың айтуынша соттан тыс медиация уақыты шешіп, келісімге келуге ықпал етеді. Медиацияда мүлкті бөліп, алимент төлеу туралы келісімдер болады. Отбасылық дау мен жанжалдың әсерінен ерлі-зайыптылар ажырасу үшін, сотқа жүгінеді. Сотта әр тарап істің өз пайдасына шешілгенін қалайды. Яғни, баланың тұрғылықты жерін ғана емес, сонымен бірге мүлкті бөлуі де анықтай бастайды.

Сонымен қатар, шара барысында Динара Маратқызы «Отбасылық сот пилоттық жобасын іске асыру туралы. Отбасы орталығын құру» атты баяндама оқыды.

Отбасы орталығын ашу 16 маусымға жоспарланды.

«Отбасы орталығы» – мұқтаз



адамдарға қызмет көрсететін ұйым. Мемлекет мұндай мәселелерді шешумен тұрақты түрде айналыса алмайды. Сондықтан, жұмыстың осы бөлігін біз өзімізге алуға шешім қабылдадық. Орталықта тегін құқықтық және психологиялық көмек көрсетеміз. қызметкерлеріміз әкімдіктің барлық бөлімдерімен, соның ішінде жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімімен жұмыс істейді. Біз қандай да бір отбасы-

ның мәселесі туралы біліп, көмектесуге тырысамыз, – дейді Динара Мутубаева.

Орталық жұмысына ардагерлер, медиаторлар, психологтар мен заңгерлер қатысады. Олардың қызметі ажырасу және басқа да азаматтық процестер кезінде тараптарды татуластыруға бағытталған. Жобаның негізгі мақсаты – ажырасуды азайтып, отбасылық құндылықтарды нығайту.

«Бүгінде ажырасу өте көп. Ал, отбасындағы жанжал балаға кері әсерін

тигізеді. Ажырасудан көбінесе балалар зардап шегеді, оларға ата-анасының бірін таңдау қиын. Сондықтан,

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Көк Туды желбіреткен шеру

Балқашта рәміздер күнін атап өту Ағыбай батыр ескерткішінің алаңынан қала тұрғындары мен қонақтарының шеруімен басталып, автокөліктер шеруіне ұласты. Одан кейін «Жастар» скверінде жиналған жұртшылық жаппай Әнұранды шырқап, Көк Туымызды көкте желбіретті.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жыныда Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаев сөз сөйледі. Ол Қазақстанның мемлекеттік рәміздері Отанға, ел тарихы мен мемлекеттік тілге, мәдениет пен дәстүрге деген шынайы сүйіспеншіліктің көрінісі екенін айтты.

– Мемлекеттік рәміздер – егемендігіміздің басты нышаны. Еліміз еркіндік алған жылдары шекарамыз бекітіліп, рәміздерімізді қабылдадық. Ата-бабадан келе жатқан тарихты жалғастырып, қандай ел екенімізді, қандай мақсаттарды көздегінімізді осы нышандар арқылы белгіледік. Баршаның бүгінгі айтулы мерекеміз құттықтаймын! Көк байрағымыз биікте желбіресін!, – деді шаһар басшысы. Сонымен қатар, мерекеміз тәуелсіздік күніне жасқа толған қыз-жігіттерге жеке куәлік табыстады.

Қарақат ҚҰРМАШЕВА,
Еуразия ұлттық университетінің
II курс студенті

БАЛҚАШ

• БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ

Оқушы ойы озық болсын десек...

Әлемдегі дамыған елдерде балалар оқитын кітап саны мектеп бағдарламасына енгізілетін көрінеді. Мәселен, Чехияда оқушыларға 250 кітаптың тізімін береді екен. Олар оқу бітірген соң оқыған кітабы жөнінде емтихан тапсырады. Ал, Германияда әрбір федералдық штат ұсынылған әдебиеттер тізімін жасап, балаларға оқытады. Оқыған кітаптары Ұлттық қорытынды емтиханда (университетке түсу емтихандары) сұралады. Сонда мектеп оқушылары жылына орта есеппен 4-6 кітап оқиды екен.

Еуроодақ елдерінде 10 жылдан аса пайдаланылып келе жатқан арнайы жоба бар. Ол «Орта білім беру мұғалімдеріне арналған әдеби негіз» (Literary Framework for Teachers in Secondary Education) деп аталады. Жоба негізінде мұғалімдер оқушыларды кітап оқуға баулитын сабақ жоспарын құрады. Егер ұсынылған шығармадағы оқиға жас оқырманды ешқандай әсерге бөлемесе, оқуды кейінге қалдыруға немесе шығарманы жеке тәжірибе тұрғысынан бағалауға мүмкіндік беріледі. Еуроодақ елдерінің мұғалімдері осы жоба бойынша бір-бірімен тәжірибе алмаспай отырады екен.

Біздің елімізде де кей мұғалімдер оқушыларға жазда оқитын кітаптар тізімін ұсынады. Бірақ, ол ұсыныс кітап оқуды әдетке айналдырған бір шоғыр балаға ғана арналғандай. Өйткені, бәрін бірдей қатаң талап жоқ.

Кітап оқитын баланың ойы озық болатыны бесенеден белгілі. Балаларды жас күнінен кітап оқуға баулу – үлкендер үшін зор міндет. Осы орайда біз Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасымен бірлесіп, балаларға жазда оқитын кітаптар тізімін ұсынбақпыз.

Бердібек Соқпақбаев «Менің атым Қожа»

Повесть кішкентай Қожаның мектеп жасындағы бастан кешкен қызықты оқиғалары баяндалады. Ол қанша бұзық болса да, жақсы адам болуға талпынады. Қожа өзінің бұзықтық жасайтынын әкесіз өскендігінен деп ойлайды. Ол өзінің мінезін, тәртібін өзгертуге тырысады.

Ыбырай Алтынсарин «Таза бұлақ»

Бұл жинаққа Ы.Алтынсариннің тағлымды әңгімелері мен гиратты ертегілері топтастырылған. Оның шығармалары балаларды талапты, еңбекқор, төзімді, білімді, батыл болуға үндейді, адамгершілік пен ар-намысты биік қояуға шақырады.

Нұрдәулет Ақшын «Нағыз жеке қайда?»

Жинаққа автордың балаларға арналған прозалық шығармалары енген. Повесть пен әңгімелер-



де жасөспірімдер өміріндегі түрлі оқиғалар мен шешендігі жағдайлар баяндалады. Шығарма тілі қарапайым, балаларға түсінікті.

Шәкен Күмісбайұлы «Бабамай болғым келеді...»

Кітап бір хикаят, балаларға арналған көптеген әңгімелерден, ертегілерден тұрады. Уақыттың өзгерісіне сай хикаят пен әңгімелердің тақырыбы да әр алуан. Шығарма жас өскіннің Отанға деген сүйіспеншілігін оятып, бала психологиясын уақытқа сай қалыптастыру, тәрбиелеуді мақсат етіп, жақсылыққа, адамгершілікке баулиды.

Марат Қабанбай «Арыстан, мен, виолончель және қасапхана»

Автордың бұл кітабы «Арыстан, мен, виолончель және қасапхана», «Туған жердің төрт мезгілі» атты повестерінің басын құрайды. Жазушы әрбір шығармасының шырай-шұрымын өмірдің өз өзегінен ала отырып, қарапайым да қалжың ойлы тіл еспетімен оқырман жүрегіне кеңінен жеткізе біледі.

Несіпбек Айтұлы «Саяхатшы шыбын»

Ақын Несіпбек Айтұлы балаларға арналған таңдаулы шығармаларының орысша аудармасы қоса берілген. Қазақ тілінен орысшаға аударған – Сергей Рыбаков. Ақынның әр тақырыпты

Сара Гүрбүз Өзерең «Бір микробтың күнделігінен»

Кітаптың «кейіпкері» – туберкулез ауруын қоздыратын микроб. Ол белсенді және ақылды, айлакер әрі шыдамды. Аман қалу және өз империясын құру үшін ол баланың денесіне кіріп, ыңғайлы уақытты

қамтыған, балалар әлемін балдай тілмен тамсандыра жырлаған өлеңдері мен аңыз-ертегілері жеткіштерді туган ел мен туған жерді сүйуге, жақсыдан үйренуге, жаманнан жиренуге шақырып, мейірімді, қайырымды болуға баулиды.

Сельма Лагерлеф «Нильстің таңғажайып саяхаты»

Құпия мен сиқырға, шытырманға толы ертегі-хикаят. Бұл ертегінің басты кейіпкері – екіліктен көз ашпайтын, әлсіз гномды мазак еткені үшін өзі де гномға айналған текет Нильс. Ол жабайы қаздармен бірге анасының сүйікті қызы Мартиннің мойнына жармасқан күйде Лапландияға ұшып кетеді. Бұл ертегі-хикаят кішкентай оқырмандарды достықты бағалауға, адамгершілікке тәрбиелеп қана қоймай, Швецияның тарихымен және көрікті жерлерімен таныстырады.

күтеді. Микроб адам ағзасымен саяхаттап жүріп, өсіп келе жатқан баланың ішкі дене мүшелері туралы егжей-тегжейлі және қызықты ақпараттар «айтып береді».

Руал Даһл «Чарли және шоколад фабрикасы»

Мистер Уилли Уонка – ерекше дәмді шоколад жасайтын кондитер. Ал Чарли Бакет – Ержүрек кейіпкер. Бұл кітапта Чарлиден өзге төрт бала бар. Олар алтын билет ұтып алып, Уилли Уонканың шоколад фабрикасына келеді. Фабрикада таңғажайып оқиғаларға тап болады.

Дженнифер Мур-Маллинос «Сабырлы бол, балақай»

Балада теріс эмоция шешілмейтін мәселеге жауап ретінде көрініс табады. Бұл кітаптың көмегімен балаға эмоцияны жеңудің қарапайым тәсілдерін үйретуге болады. Өзін-өзі бақылау дағдылары барлығына қажет және оларды баланың бойына неғұрлым ертерек сіңірген жөн.

Дайындаған
Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ

• ЖАЗ ЖАЙНАТЫП, КҮН КҮЛДІРІП...

Жайдары да пайдалы – жаз

Жазғы демалысты қызықты да, көңілді өткізу барлық баланың арманы. Сол себепті жыл бойы оқу мен емтиханның жалыққан бала демалысты асыға күтеді. Бала денсаулығын, ой-қабілеті мен спортқа бейімін нығайту іс-шараларын дұрыс өткізу оның жаңа оқу жылын сергек бастауына септігін тигізеді. Сондықтан, елімізде оқушылардың жазғы демалысын пайдалы ұйымдастыру дәстүрі қалыптасқан. Қосымша білім беру мекемелері үшін бұл кезең үздіксіз білім беру жүйесінің бір бөлшегідей.

Осы орайда Қарқаралы қаласының балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығында қосымша білім алған 512 оқушы жазғы демалысты тиімді өткізуге тартылып отыр.

Қарқаралы қаласының балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы 26 мамырдан бастап жазғы маусым жұмысын бастап кетті. Оқушылардың шығармашылығы мен ойлау қабілетінің жан-жақты дамуы үшін әртүрлі үйірмелер жұмыс

жоспарлап отыр. Сонымен қатар алдағы уақытта орталық оқушылары «Өнерлі жас-өңір мақтанышы» атты облыстық слетке жолдама алды. Табиғатқа саяхатты «Мүсіндеу» үйірмесінің жетекшісі ұйымдастырып, оқушылардың қызығушылығын оятуда. Жазғы уақытта балалардың бос уақытын тиімді пайдалану үшін аула клубы, спорт пен салауатты өмір салтын қалыптастыру, зияткерлік, дебаттық, техникалық,



істеуде. Атап айтқанда, «Бокс», «Кикбоксинг», «Ұлттық өнер», «Қаламгер», «Дамыту ойындары», «Дебат», «Шешендік өнер», «Мүсіндеу», «Шебер қолдар», «Ағаш ою», «Ер тарғын» қуыршақ театры, «Робототехника» үйірмелері, балаларға түрлі байқаулар мен көрмелер, саяхаттар мен жорықтар ұйымдастырып жас өрендердің шығармашылығын ұштауда.

Үйірме жетекшілері өңірдегі тарихи-мәдени ескерткіштерге,

өнер шеберлігін дамыту бағытында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады.

Жазғы демалысты сәтті өткізген бала рухани байып, күзде жаңа оқу жылына тың болып оралады. Сондықтан, жазғы демалыстың маңызы ерекше.

Н.СЕРКЕНОВА,
Қарқаралы қаласы балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығының әдіскері



• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Туристер станциясының тынысы

Елімізде кейінгі жылдары туризм мен өлкетануға көңіл бөлініп, осы саланы дамытуда көп жұмыс қолға алынып отыр. Туризм жастарды табиғатты аялауға оның бағасын білуге, салауатты өмір салтына тәрбиелейді. Осындай мақсатта құрылған Қарқаралы қаласындағы жас туристер станциясы балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беруде жүйелі жұмыс жасауда.

Өлкетану тапсырмаларын орындау, табиғат аясына жиі шығу, жергілікті тұрғындармен қарым-қатынас жасау, табиғи-тарихи және мәдени ескерткіштерімен танысу рухани-адамгершілік қасиеттерді, патриотизмді қалыптастыруға ықпал етіп келеді.

Станцияда жоғары білімді-алты педагог қызмет етеді. Біліктілік санаттары бойынша жоғары санатты – бір, педагог-модератор-үш, санатсыз-үш педагог бар. Барлық үйірмелердің жинақ базасы жасалынған. Станция екі бағыт – туристік – өлкетану және экология-биология бағыттары бойынша жұмыс атқарады. Ондағы алты үйірмеде 160 оқушы білім алууда.

Туристік – өлкетану бағыты бойынша тау туризмі, туризм және жаяу туризм, «Атамекен» өлкетану үйірмелері жұмыс істейді.

Экология – биология бағытында – жас натуралист, экология үйірмелері бар.

Әр үйірменің жоспарына сай түрлі іс-шаралар өткізіліп тұрады.

Өлкетану бағыты бойынша үйірме оқушыларына шаңғы экспедициясы өткізіледі. Мұнда тәлімгерлер шаңғы спортының мазмұнын, ережелерін, ерекшеліктерін шаңғы тебүдін әдіс-тәсілдерін, шаңғыны күтіп ұстауды теория жүзінде үйретіп, балалардың спортқа деген қызығушылығын арттырады.

Жыл сайын аудандық құзға өрмелеуден ашық біріншілік және «Менің Отаным – Қазақстан» туристік – өлкетану жасақтарының аудандық слетін, «Берекелі Алтын күз» атты аудандық күзгі балл, «Құстар бақ сәні» атты құстар күнін, тұрмыстық қалдықтардан киім тігу яғни сән фестивалдарын өткізу дәстүрге айналған.

«Жас натуралистер» үйірмесінің жетекшісі Дариға Атекеванның ұйымдастыруымен жыл сайын қалалық «Жас зерттеуші» шағын-ғылыми практикалық конференциясы өткізіліп тұрады. Алғаш рет Қарқаралы тауларында «Биатлоннан» аудан біріншілігі өтті. «Туризм», «Тау туризм», «Жаяу туризм» үй-



ірмесінің оқушылары «Қарқаралы-Пионерлер шыңы» маршруты бойынша веложорық жасады. Облыстық туристік көпсайыс чемпионатына «Туризм», «Жаяу туризм» үйірме оқушыларынан «Барыс», «Қарқаралы», «Сұңқар» командалары қатысып туристік көпсайыс шаңғы туризмі техникасы бойынша

жалпы командалық есепте III орын иеленді. Қарағанды облысы білім басқармасының ұйымдастырумен «Менің Отаным – Қазақстан» туристік экспедициялық слеті өткізілді. Туристік және ғылыми блоктардан тұратын слетте спорттық туристік жарысында команда I орын иеленді. Жекелей құзға өрмелеу сайысында

ұлдар арасында I орынды Орынбай Нұрзат иеленсе қыздар арасында Сайлаубай Камила II орын алды.

жалпы командалық есепте I орын, «Қарқаралы» командасы III орын иеленді. Шахтинск қаласында өткен тау туризмі бойынша облыстық ашық Чемпионатта «Барыс» командасы III орынды, облыстық жаяу туризмнен және туристік көпсайыстан ашық чемпионатта туризм үйірмесінің оқушылары қатысып жалпы командалық есепте I орынды иеленді. Қала маңындағы «Туристер алаңында» өткен облыстық туристік көпсайыстан (жаяу туризм техникасы) ашық чемпионатқа қатысып жалпы командалық есепте III орын иеленді. Жекелей сайыста Амантай Айтша II орын иеленді.

Станция педагогтары мен үйірме оқушыларының осындай толайым жетістігі еселі еңбектің жемісі. Талмай талаптанған үйірме оқушылары әлі де биік белестерді бағындырары сөзсіз.

Оқушылардың қарым-қабілетін ұштап жүрген жас туристер станциясы балаларға қосымша білім берудің отандық жүйесі білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда ғылыми-техникалық, көркем-эстетикалық, экологиялық-биологиялық, туристік-өлкетану, әскери-патриоттық, әлеуметтік-педагогикалық білім беру қызметі саласында бірегей әлеуметтік-педагогикалық мүмкіндіктерді жүзеге асыруда.

Света СМАҒҰЛОВА,
«Жас туристер станциясы» КММ директорының орынбасары

Қарқаралы ауданы

• ЗИЯТКЕРЛІК САЙЫС

Балғындар байқауы

Қарағанды облысының білім басқармасы және «Сарыарқа дарыны» балаларға қосымша білім беру аймақтық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен Халықаралық балаларды қорғау күніне орай 5-6 жастағы балаларға арналған «Зерек бала» зияткерлік сайысы өтті. Сайыстың облыстық кезеңіне 14 командадан тұратын 70 бала қатысты.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кішкентай балғындар «Логика», «Жас математик», «Жас әдебиетші», «Квест», «Жас ғылымтанушы», «Жас полиглот», «Жас спортшы», «Жас жұлдыз» бекеттерінен өтті. Жоғары ұпай жинаған командалар жүлделі орынға ие болды.



Зияткерлік сайыста Теміртау қаласының «Эрудиты» командасы I орынға ие болды. Қарағанды қаласының «Ақылды бала» командасы мен Теміртау қаласынан келген «Грамотей» командасы сайыстың II орын жүлдегері болды. Ал, Қарағанды қаласының «Алау» командасы, Сараннан келген «Бахыт-Эрудит», Шахтинскіден келген «NANO дөң» командаларына III орын берілді. Басқа командалар бекеттерден өту

кезінде белсенділік танытқаны үшін түрлі номинация бойынша марапатталды. Балқаш қаласының «Новаторы» командасы «Тапқыр» номинациясымен, Нұра ауданының «Балдырғандар» командасы «Жас математик» номинациясымен, Приозерск қаласынан «Қыран» командасы «Жас әдебиетші» номинациясымен, Қарқа-

Құрылыс бойынша Қарағанды – бесінші

Бұдан біршама бұрын жария етілген деректер құрылыс компанияларының соңғы жылдарда табыс табуда рекордтық көрсеткішке жеткенін мәлімдеген-ді. Ел экономикасында алабыттен орын алатын құрылыс – бүгінде инвестиция көптеп құйылатын негізгі саланың бірі. Ресми деректер құрылыс саласы жалпы ішкі өнімнің 6 пайызын иемденетін айтады.

Құрылыс қарқын алғанын жоққа шығаруға әсте келмейді. Бірақ, бұқараны баспанамен қамтуда сұранысты әзірге толық жаппады. Қарағанды аймағында кейінгі жылдарда баспана құрылысы бірнеше есеге өскенін атап өту қажет. Нақтыласак, Қарағанды республикада құрылыс бойынша бесінші орында. Ал ел экономикасындағы үлесі – 5,6 пайыз.

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Біздің басты міндетіміз – әр азаматтың тұрмыс сапасын арттыру. Сондықтан, мемлекет әлеуметтік міндеттемелерді орындауға баса мән беріп отыр. Осы мақсатта елімізде тұрғын үй құрылысы қарқынды жүргізілуде. Халықты қолжетімді баспанамен қамту үшін көптеген жеңілдіктер жасалып жатыр. Адамдардың қарапайым тұтынудан жинақтауға көшу қажеттігін түсінуі маңызды», – деген болатын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Негізгі аймақта 2020-2025 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысын дамыту жоспарының жобасы әзірленген. Онда жеделенген жылдарда аймақта 5 млн. шаршы метрден астам үй салу мақсат.

Былтыр аймақ үшін тұрғын үй нарығында тиімді болғанын көр-



сетеді деректер. Қарағанды облысы өткен жылы «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы аясында 597,2 мың шаршы метр үйді ел игілігіне тапсы-

рды. Бұл – 5200 пәтер. Яғни, бір жылда облыста бес мыңнан астам тұрғын қоныстойын тойлады. Аймақта бой көтерген баспананың 27 пайызы – жеке тұрғын үйге, 66 пайызы – коммерциялық, 7 пайызы мемлекеттік секторға тиесілі екен.

Биыл 400 мың шаршы метр баспана бұқараға бұйырады. Соның ішінде, мемлекет есебінен 864 пәтер иесін таппак.

«Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы аясында бюджеттен 12,2 млрд. теңге бөлінді. Қаражат халықтың әлеуметтік осал топтары үшін са-

тып алу құқығынсыз дайын жалға берілетін тұрғын үйді салу және сатып алу, облигациялық қарыздар есебінен кредиттік үй салу, үй құрылысына инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым тарту сияқты бірнеше бағытқа бөлінген, – дейді құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының мамандары.

Мамандардың айтуынша, тұрғын үй құрылысы облыстың барлық өңірінде жүріп жатыр. Тағы бір баса айтарлығы – жаңа тұрғын үй салудан бөлек, облыста бос тұрған үйлерді қалпына келтіру жұмыстары толассыз. Мәселен, Осакаров ауданында 18 пәтерлі төрт жалға берілетін үйдің құрылысын аяқтау жоспарлануда. Тағы екі 18 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысына ЖСҚ жасалды. Өткен жылы мұнда алты екі пәтерлі бір қабатты үйлердің құрылысы басталды. Биыл жеке инвестициялар есебінен салынған 18 пәтерлік бір тұрғын үйді сатып алу жоспарда.

– Сонымен қатар, осы жылы облигациялық қарыздар есебінен Қарағанды, Балқаш, Абай қалаларында кредиттік тұрғын үй құрылысын бастау жоспарлануда. Нысандарды тапсыру мерзімі 2024 жыл, – дейді басқарма.



РЕФОРМА –
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

тып алу құқығынсыз дайын жалға берілетін тұрғын үйді салу және сатып алу, облигациялық қарыздар есебінен кредиттік үй салу, үй құрылысына инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым тарту сияқты бірнеше бағытқа бөлінген, – дейді құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының мамандары.

Мамандардың айтуынша, тұрғын үй құрылысы облыстың барлық өңірінде жүріп жатыр. Тағы бір баса айтарлығы – жаңа тұрғын үй салудан бөлек, облыста бос тұрған үйлерді қалпына келтіру жұмыстары толассыз. Мәселен, Осакаров ауданында 18 пәтерлі төрт жалға берілетін үйдің құрылысын аяқтау жоспарлануда. Тағы екі 18 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысына ЖСҚ жасалды. Өткен жылы мұнда алты екі пәтерлі бір қабатты үйлердің құрылысы басталды. Биыл жеке инвестициялар есебінен салынған 18 пәтерлік бір тұрғын үйді сатып алу жоспарда.

– Сонымен қатар, осы жылы облигациялық қарыздар есебінен Қарағанды, Балқаш, Абай қалаларында кредиттік тұрғын үй құрылысын бастау жоспарлануда. Нысандарды тапсыру мерзімі 2024 жыл, – дейді басқарма.

Өзектен шыққан өрт жаман...

(Соңы. Басы 1-бетте)

Құтқарушылардың жалақысы мәселесіне Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильин бұрын қатардағы құтқарушылардың еңбекақысы небәрі 65 мың теңге құрағанын еске салды.

– Қазір қызметке келген қызметкердің ең төменгі лауазымдық жалақысы шамамен 110 мың теңге көлемінде. 2023 жылы жалақының максималды өсуі қызметке жаңадан келген қатардағы қызметкерге оң әсер етеді. I қаңтардан бастап жалақыны 10%-дан 70%-ға дейін арттыру көзделіп отыр. 70% дегеніміз қатардағы құрам жалақысының максималды өсу көрсеткіші. Ал, 10% басшы құрам еңбекақысының өсім көз-



фиценті, – деп түсіндірді министр. Мезгіл мәселесі облыс әкімінің күнделікті бақылауында. Өңір бойынша Төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз хатшысы Жанна Дауренбекова редакция сауалына өңір өрттен аман екендігін хабарлады.

– Табиғи өртке әрекет ету үшін Төтенше жағдайлар департаментінде арнайы штаб жұмысы жоғға қойылып, салалық департамент, полиция департаменті, қалалар мен аудандар әкімдіктері қызметкерлерінің қатарынан рейдтік іс-шаралар өткізу үшін саны 232 адамды құраған 62 мобильдік топ жұмысын жалғастыруда. Қауіпті кезең басталғаннан бері 6 346 адамды қамти отырып, барлығы 477 профилактикалық іс-шара өткізілді. Алайда, рейдтік іс-шаралар барысында саяжай учаскелерінің аумағында құрғақ шөптер мен қоқыстарды жағу кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзудың 24 фактісі анықтал-

ды. Кінәлі тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылып, жалпы сомасы 82 мың 800 теңгеге айыппұл өндірілді, – дейді департамент өкілі.

Бүгінде облыс аумағында 2 орман өрті тіркеліп ауыздықталған. Ақтоғай, Нұра, Шет, Қарқаралы, Абай, Бұқар жырау аудандарында өрттің 10-ға тарта тұтану оқиғасы орын алып, дер кезінде сөндірілген.

Хош, делік. Байтағмызды от пен судан қорғау амалдары көңіл жұбатады. Осындайда халқымыздың «От пен судан аман бол» деген бір ауыз тілегі еске келеді екен. Жыл он екі айда аяқ астынан лап ете қалатын тілсіз жаудың тілін табу да оңайға соқпаса керек. «Өзектен шыққан өрт жаман, өзіннен шыққан дерт жаман». Үшқын атқан жалынды сумен сөндіріп, ақылмен алдын алатынын ұмытпасақ керек-ті, қымбатты әлеумет.

• ӘДЕБИЕТ ЖАЙЛЫ ҮШ САУАЛ

Бар ғылымның бастауы — әдебиет

**Жанат ЖАҢҚАШҰЛЫ,
ақын**

— Осы күні әдебиеттің миссиясы өзгерді ме? Қазір оның қоғамдағы орны қандай?

— Әдебиеттің миссиясы мыңжылдықтар бойы өзгермейді. Өйткені, әдебиет — әлемдегі бар ғылымның бастауы. Қазір ертегілер мен фантастикалық шығармаларда жазылған жайттар шындыққа айналғанын көріп жүрміз. Адамдар бұрын ұшуды армандаса, бүгін ол қарапайым қатынас түрі болып қалды. Әдебиеттің миссиясы — биліктеріңді мактау емес, мемлекеттің идеологиясына қызмет ету емес, әдебиеттің міндеті — адамзат баласын өркендетке жетелеу.

Ал, оның қоғамдағы орны — бұрынғыдан едәуір өзгергені рас. Өйткені, қазір адамдар кітап оқуды қойды. Ол ақыл-ойды аздырды. Кеңес үкіметі тұсында қарапайым шопанның әдеби танымды филология ғылымдарының докторларымен пара-пар еді. Жазушылардың кітабы мындаған данамен



шықса да, оқырманға жетпей қалып, қайта басылатын. Ал, қазіргі әдебиеттің оқулуын жарыққа шығып жатқан кітаптардың таралымынан аңғару қиын емес.

— Сіздің буын қазақ әдебиетіне қандай леп әкелді?

— Біздің буынның әдебиетке қандай леп әкелгені әзірге белгісіз. Дегенмен, уақыттың басқа бір парағы ашылған тұста әдебиетке

әкелген лебіміз ағараңдап көріне бастайды деп санаймын. Біздің буын қара өлеңге едәуір өзгеріс енгізді. Себебі, қыз-жігіттердің әлемдік әдебиетті оқуға толық мүмкіндігі болды. Әлемдік әдебиеттегі алуан түрлі ағыммен танысу өлең құрылысына өзгеріс енгізуге ықпал етті. Дәстүрлі жазудан өзгеше жазу, өлеңдегі еркіндік, бұрын айтылмаған тың ойлар тудырды. Форма жағынан да, мазмұн жағынан да реформа жасады.

— Соңғы оқыған әдеби шығармаңыз, одан алған әсеріңіз?

— Карен Армстронгтың «Ибрахимнен бүгінге дейінгі Иудаизм, Христиандық және Исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану Баяны» кітабын оқып жүрмін. Одан алған әсерім өте зор. Адамның сарайы ашылады. Дінге, ондағы радикализм мен фанатизмге байланысты көп дүниені ұға бастадым.

Ақын Ақберен Елгезек «Ақындарға әдеби кітап оқи бергеннен пайда жоқ, жаратылыстану ғылымын оқу керек» деген пікір айтып еді. Мен де қазір әдеби шығармалардан гөрі өзге ғылымдар жайлы зерттеу еңбектеріге, танымдық дүниелерге ден қоя бастадым.

• БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ

Мысал жанры салтанат құрса...

Кейбір зерттеулерде мысал жанрының атасы — Эзоп деп айтылады. Жануарларға тіл бітіріп, адам мінездерінің ықпал-жықпылын осы жанға сыйдырып, өткір тіл, әділетті ажуамен туынды жасап шығу оңай емес қой. Эзопты құл болған десең. Құл иесінің қателігін, надандығын мысал жанрымен бетіне басып, жеткізіпті-мыс. Бірақ Эзопты құл болған деген зерттеушілерге онша келісім жоқ. Себебі қазір үйреншікті болғанымен, сол кезде жаңа жанр жарату үлкен құбылыс еді. Ал, құбылысты бас азаттығы жоқ құл жасады дегенге өз басым сенбеймін. Енді бір зерттеулерде мысал жанры алғашқы қауымдық кезеңде пайда болған деген мәлімет бар. Эзоп та біздің замандас, тіпті дәуірлес емес қой, бірақ, бұл жерде біз айтып отырған көркем жанр тамырының тым тереңде екенін айтқым келді.

Жұпар Жаканның әңгімелері мысал жанрына жатады екен. Жұп- жұмыр, артық бояу, суреттеу, бейнелеу жоқ. Баланы бірден өзіне баурап алады. Әсіресе тәрбиелік мәні қандай десеңізші?! Әдебиеттен жәрмеңке



Жұпар Рысқұлқызы Жақан 1968 жылы Қарағанды облысы Шет ауданы қазіргі Үңірек ауылында туған. 1990 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетін үздік дипломмен бітірген.

Еңбек жолын Ш.Уәлиханов атындағы Қоқшетау педагогикалық институтынан бастаған. Одан кейін Қарағанды қаласында №6 орта мектепте ұстаздық етті. Қазір Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы жанындағы Ресурстық тіл орталығында бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарады. Соңғы уақытта балаларға арналған мысал әңгімелер жазып жүр.

дейтін дәурен өткен, дегенмен, мысал жанрының тәрбиелік мәні жоққа шығара алмаймыз ғой. Әсіресе, тақта мен сұрткіштің диалогы сондай шынайы. Екі кейіпкер балаға мораль оқымайды. Бірақ, кеуінің диалогынан ойлы, бала оқырман өзіне керекін

алады. Автордың шығармаларын әдеби айналымнан көргім келеді. Мысал жанрының біздің кезеңде де салтанат құрып, өз оқырманмен қауышуға хақы бар!

**Айнұр ТӨЛЕУ,
әдебиеттанушы**

ЧИПСЫ МЕН ШИ БАУЫРСАҚ

Екі тәрізке салынған чипсы мен ши бауырсақ бір-біріне одыра қауап отыр. Іштерінен бір-бірін ұнатпай отырғаны түрлерінен білінетіндей.

Ши бауырсақ оялады: «Мынауың нағыз кербез ғой, шетелден келген соң, кербез болмай қайтсін? Мен сияқты емес, беті де боп-боз, қаланың сылқымдарына ағартқыш ұнтағын жағып алды ма екен, әлде? Өзіңше болып, мені менсінбей отырғаны анық».

Чипсы оялады: «Түрін қарашы, әбден қызырып, күнге күйіп кеткен. Дұрыстап кутінің, ағартса болмас па еді? Иісі де біртүрлі екен. Қазір хош иістің неше атасы бар, әтірленуіне болар еді ғой», — деп тыжырылып, тәрізденің ар жақ бетіне қарай ығыса түсті.

Осы кезде ши бауырсақ шыдай алмай, саңқ етті. Даусы ашы шығып кетті ме, чипсы бикеш селке ете қалды. Құн көрінетін жұп-жұқа нәзік денесі дір ете түсті.

— Әй, неменеңе әлдеқандай боласың? Екеуіміз де жеуге жаралған тағам түрі болған соң, былай жылы қабақ танытып, әңгіме-дүкен құруға болар еді ғой...

— Түсінбедім, әңгіме дегенің жарайды. Дүкеннің не қатысы бар?

— Ой, сорлы, оп-онай нәрсені түсінбеуің қарашы... Өзіңше кісімің әлдеқандай болғаны, осының бәрін үйренбейсің бе?



ТАҚТА МЕН СҮРТКІШ

— Сұрткішжан, бетімді сүртпін жіберші.

— Көке, жарайды. Міне, қазір!

— Е-е, сол жерін. Оң жақ шекемді де бір сүйкеп өтші.

— Болды ма? Тағы сүртпейін бе?

— Айналайын, көп жаса!

— Көке, осы сіз тазалықты жақсы көресіз, ә?

— Енді қайтейін, менің бетіме сабақ бойы жазу жазылады. Әр сабақ сайын тазаланып отырмасаң болмайды ғой. Шимай-шимай тақтаға ешкім жазу жаса алмас.

— Түсіндім. Сізден бірдене сұрайыншы. Қазақ тілі сабағында ана бір сары бала тақтаға шығып, жазу жазғанда неге күлкіңіз келеді?

— Түуу, менің күлкімді сыныптағы оқушылар естіп қойды ма?

— Жоға. Мен ғана естідім. Соны сұрайыншы деп жүргенмін.

— Сары баланы айтасың ба? Ол жыбыр-жыбыр еткізіп, өте ұсақ жазды. Әріптер жыбырлаған сайын қытығып келеді. Есіме түссе, әлі күлкім келеді. Ой, ішегім-ай!

— А, мен сол баланың қалқыған құлағына күлкісі келе ме деп ойлағам.

— Біреудің баласының құлағында нем бар, Сұрткішжан. Көптен бері айтармын деп жүргем. Саған да рақмет, айналайын! Көкеңнің тазалықты сүйетінін біліп, кіршік жұқтырмай жарқыратып отырарсың.

— О, не дегеніңіз, көке! Менің міндетім ғой. Айтпақшы деймін, ана бір көзілдірікті қыз шыққанда, сіз неге қабағыңызды түйіп аласыз?

— Қайсын айтасың? Е, анау тақылдақ қызды ма? Ой, ол — осы сыныптағы ең оқымысты қыз. Есепке жүрік, оқу азаты. Тақтаға шығып, есеп шығарғанда... Мықты шығаратынына дауым жоқ. Алайда, жазғанда бормен тақылдатып, күш түсіріп жазатыны ұнамайды-ақ. Тауықтың балапаны тоқылдатып, бетімді шұқып жатқан сияқты сезінемін өзімді. Ол кеткен соң әрең есімді жинаймын.

— Солай деңіз. Негізгі деймін, көке. Осы сыныптың балалары өте еңбеккор. Жауапкершілігі де керемет. Мысалы, мені сұрткіш екен деп қалай болса, солай тастай салмай-



қуырады. Май менің ши бауырсақ атануыма кө-ө-өп еңбек сіңіріп, осы қалпыма жеткізді.

— Мықты болсаң, осындай дамыған заманда тым болмаса, бір дәмдеуіш қосар еді ғой. Маған мән айтып, білгішінбесші...

— «Дәмдеуіш» деп ауыз толтырып айтып тұрғаның не өзі? Ана бір «Е» деген күмәнді қоспаның тоқсан тоғыз түрі ме? Аса зиянды дәмдеуіш қоспалармен уланған чипсы бикеш, сол дәмдеуіштерімен қоса қурышы.

— Тым қатты кетпе, көрерміз кімнің кім екенін.

— Көрсек көрерміз.

Осы кезде ши бауырсақтың апасы «Исі әлемді өртеп тұрған мынау немене, бұны кім әкелген өзі?» деп чипсыды тәрелкесімен жуыңдыға төге салды. «Құтқарыңдар!» деуге шамасы келмей чипсы байғұс біртіндеп жуыңды құйылған шелектің түбіне батып бара жатты. Ал, ши бауырсақ өмірінде бірінші рет еркін тыныс алып, ән айтқысы келді.

— Оның рас. Мен де байқап жүрмін. Бір оқиға есіме түсіп... Сен ренжіме, соны айтамыншы. Былтыр ма еді, бір-екі рет жуылмай тұрып қалып, иісің шығып кетіп еді ғой.

— Көке, өйтіп ұялтпаныңызшы. Ондайым болған. Бір сынып жоғары оқитын ана бір сотқар балақай ғой. Сыныпта кезекші болғанда соның істегені. Өз ісімен өзім жиіркеніп, көпке дейін мұрныма басып жүргем. Ал енді мына балақандар... Біреуі ренжіткен емес. Сіздің бетіңізді сүртпін, мені жуып, тап-таза қылып кетеді.

— Айналайындарым сол! Үлкен азамат болсын деп тілейік. Үш-төрт айдан кейін бұлар бастауышпен қоштасады. Келесі оқу жылында келетін балақайлар қандай болады екен?

— Иә, көке, келесі жылғы оқушылар тәртіпті, тазалықты сүйетін болып кездессін дейік. Не ойласаң, сол болады дейді. Жақсы ойлайық!

• ӨЛЕҢ

Сұлтан Дәулетханұлы 1980 жылы Моңғолия республикасының Байоке аймағында туған. 1992 жылы Қазақстанға көшіп келіп, 2002 жылы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін үздік дипломмен бітірген. Еңбек жолын Бұқар жырау ауданының Ақтөбе ауылындағы орта мектепте бастаған. 2005-2008 жылдары өзі оқыған университетте филология факультетінің «Қазақ әдебиеті» кафедрасында оқытушы болды. 2010-2022 жылдары Тоғызқұдық ауылындағы мектепте директорың ғылыми іс жөніндегі орынбасары болып қызмет етті. Қазір Доскей ауылындағы «Мирас» балалар өнер мектебінде жыршы-жырау сынбының оқытушысы. 2019 жылы «Атамжүртқа тағзым» атты тұңғыш жыр жинағы жарық көрді.

Тәкаппар дүниені жалт

қаратып...

Бір үй бар жел өтінде, шеткеріде

«Тоғызқұдық ауылының шеткі көшесіндегі қызыл кірпішті үйді ел «Қар астында қалатын үй» дейді екен».

Автор

Бір үй бар жел өтінде, шеткеріде, Шықпаса да шенуенік, бек төріне, Келген жан дүмін татып, қонақ болып, Ғұмыр тілеп жүретін көктемнің.

Иесі шаңырақтың — момын адам, Көрсетсе де көп сынақ өмір оған, Тағдырына налыған кездері жоқ, Өзгелерге қашан да көңілі алан.

Ұйытқысы сол үйдің — алтын адам, Сақтап жүрген қазақы қалпын аман. Төрт-ақ жылдық білімі болса-дағы, Ақыл-кеңес сұрайды әркім одан.

Аналықтың парызын адал ақтап, Білгенін жүр келінге аманаттап, Көнекөздер ерекше қадірлейді, Бас қосылған жерлерде дара мақтап.

Келіні де құты сол босағаның, Жаннан артық қадірлер дос адалын. Жапырағын жайқалтып бір әулеттің, Жасағаннан тілейді хош-аманың.

Бөбектері ол үйдің әлі балғын, Енді-енді келеді танып алдын. Ертеніңе қараймын ақ үмітпен, Өшірмес деп олар да шамын ардын.

Сол бір үйдің бар жаны — бағаларым, Шалқар шабыт сыйлайтын маған арын. Бақытым да байлығым — солар менің: Әке-шешем, жан жарым, балаларым!

Жалғандағы сол бір үй — жұмақ маған, Қанағаттыл ғұмырым тұрақтаған. Тек сол үйге жеткенше асық болып, Құлазымын шақтарда жырақтаған.

Телегей

«Ей, тәкаппар дүние! Маған да бір қарашы...»

Қасым АМАНЖОЛОВ

Оралып қарша жауған оқтан аман, Көңдікпей жетегіне нокта-заман. Тәкаппар дүниені жалт қаратып, Даңқымен дубәрәні отқа ораған Рухына хас шайырдың мындап мадақ!

Өзегін тек жасынға құндақтап ап, Қасым-жыр гасырларға зырлап барад(ы). Қазақтың көсегесін көгертер жас, Жанына азық етші жырды ақ қанат Көгінде арманының самғау үшін!

Ұлтының бақытты бір таңдары үшін, Жазды өлең жасалса да жаңға қысым. Шенді мен шекпендіге илікпеген, Өр Қасым заманының заңғары шын Сөзінен келер ұрпақ қуаттанар.

Өнінен әр жүрекке шуақ тарар, Жанымен түсінгенге сыр ақтарар. Қасымның әлеміне бойласаңыз Ку тірлік баяны жоқ жырақ қалар, Таза ғылым, мына өмірді қайта сүйіп, Мұратың мәңгіліктен тұрақ табар!

Мен де бір ақынныңмын

Атымды шығарам деп түспедім әлекке де еш, Жалған даңқ, бос мақтаулар тегінге қажет те емес.

Кешкенім қоңыр тірлік, көргенім көптен бірге, Естірім ен даладан — елде жоқ бөлек кеңес.

Жағалап жан бақпадым «тірегі» күшті ағаны, Жанымды семіртеді көктемгі құстар әні. Жаратқан өзі жар боп, ешқашан тайдырмасын,

Жүректің түбіндегі үміттің үш тағанын! Шындыққа ара түсіп, тастайтын отқа жанын,

Мен де бір ақынныңмын, арманы Хаққа мәлім.

Кешегі, бүгінгіні, ертеңгі сезгенімді, Баршаңа еш бүкпесіз өлең ғып ақтарамын!



Торы төбел ат

Әкемнің жан серігі — торы төбел ат, Талайдың ішін оттай өртеген ат. Базарға жол тарттың-ау, ақы неңнен, «Адалым!» деген биік мәртебені ап.

Көзіме тізбектелді өткенің де: Келіп ең тоқсан бесің көктемінде. Жүйіткітін шақтар қалды өзіңменен, Едірей тау мен тасы, көк белінде.

Үйірге қосқанда әкем құнанымда, Қой бақпай бірнеше күн жылдаым да. Мен сонда алғаш рет құлаздым, Бала едім берілмейтін жуда мұңға.

Өткеріп бастан өмір сынақтарын, Сен содан тағаланып жырақтадың. Өзіңді көруді аңсап бір жаз өтті, Тең көрмей ертегінің пырақтарын.

Оқудан қайтқан кезде Балқан барып, Тұрған бір кезің есте арақалдып. Ат түгіл, ат үстінен кісі жүрар Шайманның сақа айғыры қаранды алып.

Шапқылап жемге келер Үшжотадан, Үйірің саудаланды қысқа таман. «Жүрісі жайлы осының» деген сен, Шанаға жекті со жыл қыс қақаған.

Ақ қарға түспей тұрып іздер бөтен, Ішікке орай салып біздерді әкем. Құлжанның* шапанмен суылдаққан Күндерді сағынышпен іздеуде өтем.

Дегенде Мәди туған дала көрдік, Интернат жабылып қап, қала келдік. Қалдырмай арбаң менен сені өзгеге Көшкенде өзімізбен ала келдік.



Жақсы боп Тоғызқұдық жаңа мекен, Жатсыну көргеміз жоқ ала бөтен. Жұтымен тоқсан жеті сынағанда, Арқанда шықтық сенің аман-есен.

Салғанда салмағын жұт жаңға күшті, Бойыңа жинап алып бар намысты. Тізерлеп тартқаныңда тонна жүкті, Көрген жұрт күшіңе ерен таңғалысты.

Қыс шана, ал жаз болса арба сүйреп, Бір үйдің бар тірлігін алға сүйреп Жүргенде көздеріңнен сыр ұғушы ем, дегендей «ешқашан да болма күйрек».

Алыстан шөп тасуда алда келген, Ауылда ат соңысың арба көрген. Қоштасу қиын соқты біздер үшін Өзіңдей паркы бөлек ардагермен.

Сенімді серік болдың мал жайғанда, Сенімді көлік болдың шалғайларда. Сен кетіп, арбаң қалды қантарылып, Күніге елестейсің таңғы ойларда.

Өзің боп жебеушісі қиялымының, Жанымды баурайды әркез күй ағын мың. Қалада жүрсем-дағы кетер емес Тықпылы тасжолдағы тұяғыңның.

Көшпелі ел едік қой ертеден-ақ, Тағы да келіп қондық өлкеге жат. Жүрегі жоқ адамдар мезі еткенде, Түсіме кіріп тұршы, торы төбел ат?!

Бетті әзірлеген **Назым ДУТБАЙ**



• ТАҒЫМ

Тұңғыш генерал

Жан қалауы немесе ынтызарлық – адам жанының ерекше бір күйі. Себебі, оған жету жолындағы әрекет пен еткен еңбектің, төгілген маңдай тердің өз нәтижесін бермей қоймайтыны анық. Табысқа жетсем деген кез келген жан осы бір ұштағанды тепе-теңдікте ұстаса, жан қалауын толық қанағаттандырағы. Сонда ғана адамның өмірі өзі үшін де, өзгелер үшін де құнды бола түспек. Ақтоғай ауданының тумасы, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Үкіметтік байланыс саласындағы тұңғыш және жалғыз қазақ генералы, талай шәкірт тәрбиелеп, габратты ғұмыры өзінен кейінгілерге үлгі болған Сәбет Жақыпбековтің өмірі дәл осындай еді. «Тыңнан түрен салу» әуелден оның маңдайына жазылғандай. Атағынан ат үріккен Ресейдің Новосибир электронтехникалық байланыс институтына сол кезде қазақ баласының оқуға қабылдануының өзі адам айтса сенгісіз жағдай еді...

Ұлағатты ұстаздың шәкірттері оның атын ардақтау мақсатында жыл сайын дәстүрлі түрде Қазақстанның әр қаласында Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ардагерлері арасында бильярдтан республикалық турнир ұйымдастырып келеді. Биыл – турнир тұңғыш рет Қарағандыда өтеді.

Салтанат ГИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сәбет Мәлғаждарұлы 1936 жылы Ақтоғай ауданында дүниеге келген. 1954 жылы Балқаш қаласындағы Абай атындағы қазақ орта мектебін үздік бітірді. Сол кездері Ресейдің жоғары оқу орындарына таланты жастарды қабылдау үшін жыл сайын Алматыға комиссия келетін еді. Ол кездің бір ерекшелігі – өндірісте жұмыс істеп ысылған, еңбек өтілі бар жастарға басымдық берілетін. Мектепті үздік аяқтаса да, оқуға түспей қаламын ба деген қорқыныш та жоқ емес. Оның үстіне, жасыратыны жоқ, Ресейдің қазақтарға қырын қарайтыны тағы бар. Бірақ, жастайынан энергетик болсам деген құлпынысы мен бойдағы буырқанған намысы ауылдан ұзап шықпаған талапшыл жасты Новосибирскіден бір-ақ шығарды... Бұл жерде де намысты қолдан бермеді. Оқу орнын қызыл дипломға бітірді. Бітіріп қана қойған жоқ, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің жанындағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің өзі оқу орнына қолқа сала жүріп, Үкіметтік байланыс бөлімшесіне аға электромеханик ретінде жұмысқа алдырты. Бұл – жауапты қызметке кадр іріктеуді Мәскеу ғана шешетін уақытта комитетке, оның ішінде байланыс саласына қазақ жігітінің келуі шынында да тыңнан түрен салғанмен бірдей еді.

Бірақ, тағайындалу бір бөлек те, мұндай жерде жұмыс істеудің қиындығы тіпті бөлек. Бәріне төтеп берді. Төтеп беріп қана қойған жоқ, өзін дәлелдеді. Өзін ғана емес, қазақтың қандай екенін көрсетті. Осы саладағы жоғары білімді тұңғыш қазақ Сәбет Мәлғаждарұлы «КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің құрметті қызметкері», «Ресей Федерациясы Президентінің жанындағы Үкіметтік байланыс федералдық агенттігінің құрметті қызметкері», «Құрметті байланысшы» атанды.

Токсаныншы жылдардың басында Кеңес одағы тарап, Қауіпсіздік комитетінде талай

генерал-майор әскери шені берілген еді.

Айтуға оңай болғанымен, маңызды міндетті атқаруда Сәбет Жақыпбековтің еңбегі ерен. Кез келген адам түсіне бермейтін криптографиялық тәуелсіздікті қамтамасыз ету, ақпаратты қорғаудың ұлттық құралдарын жасау тәрізді жауапты міндеттерді атқару оңайға соққан жоқ.

– Қазақстан тәуелсіздік алғанымен етек-жеңін жия алмай жатқан шақ. Басқарма жаңа болғанымен, құрал-жабдық ескі. Техникалық көрсеткіштері бойынша жоғары сапаны қамтамасыз ете алмады. Оның үстіне қазіргі заманғы электрондық байланыс жүйесімен бірігіп ықпалдасу қиынға соқты. Соған қарамастан, 1992-1995 жылдар арасында оны ұйымдастырудың және үзіліссіз жұмыс істеуге жағдай жасаудың негізгі принциптерін үдете жеделдетілуін қамтамасыз еттік, – деп жазғаны бар генералдың.



жыл жұмыс істеген білікті мамандардың дені тарихи отанына қоныс аударды. Қазақстан кадр тапшылығына тап келсе де Сәбет Жақыпбековтің кадр тәрбиелеу жөніндегі шешімі тығырықтан алып шықты. КСРО ыдырай қоймаса да Қазақстанның қауіпсіздік саласы дербес Комитет болып бөлініп шыққанда Сәбет Мәлғаждарұлының іскерлігі мен тәжірибесі осы жерде көрінді. Ал, 1991 жылы Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті болып қайта құрылғанда Үкіметтік байланыс комитеті осы комитеттің құрамында қалды. 1992 жылы осы комитеттің құрамындағы тұңғыш рет Үкіметтік байланыс Бас басқармасы құрылғанда дәл осы істің қыр-сырын жетік меңгерген полковник Сәбет Жақыпбеков басты ретінде тағайындалып, сын сағатта басқарманы тығырықтан алып шыққан оған

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Үкіметтік байланыс жүйесін қайта жарақтандыру жөніндегі тұңғыш мемлекеттік бағдарламаны да жасаған осы Сәбет Жақыпбеков. Нәтижесінде, қолданылып жүрген желі жаңғырып, жаңа бағыттар ұйымдастырылды. Хабар тарату қайта құрылды, байланыс құралдарының жаңа техникалық үлгілері өндіріске енді. Хабар-ошарды құпиялау жұмыстарының қарқыны айтарлықтай жақсарды.

...Бүгінде Сәбет Мәлғаждарұлының тәлім-тәрбиесін алған шәкірттерінің алды құрметті демалыста. Олар ұстаздарының көзі тірісінде тұңғыш рет 2020 жылы Астана қаласында алғаш рет ардагерлер арасында бильярдтан генерал Сәбет Жақыпбеков атындағы республикалық турнир ұйымдастырған болатын. Содан кейін турнир жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келеді.

• ФОРУМ

Әжелер ертегісінің берері көп

Өткен аптада Қарағанды облысының білім басқармасы және оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Әжемнің ертегісі» атты облыстық форум өтті. Іс-шараға мектепке дейінгі ұйымдардан 500-ден астам педагог қатысты.

Форумның мақсаты – мемлекеттік тілді насихаттау, мектепке дейінгі балалардың шығармашылық, зияткерлік әлеуетін халық ауыз әдебиеті арқылы дамыту (ертегілер, жаңылтпаштар, өлеңдер, мысалдар), өскелең ұрпақты қазақ халқының салт-дәстүрлеріне тарту мақсатында балалар, ата-аналар мен педагогтер арасында тығыз қарым-қатынас орнату.

Мектепке дейінгі жастағы баланың өмірінде әлеуметтік ортаға бейімделуінде және жеке дамуында терең өзгерістер болады. Бұл баланың қандай да бір түрде бейнеленген жағдайларға төтеп беруге, кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне ақылмен қарап, олардың қуанышы мен қайғысынан немқұрайлы қарамауға үйретеді. Мұндай белсенділік баланың рухани өмірінің аясын кеңейтеді, оның ақыл-ойы мен адамгершілік дамуы үшін маңызды зор.

– Бұл жоба Қарағанды облысында үш жылдан бері өткізіліп келеді. Форум аясында облыстың барлық ауданынан келген балабақшалар, мектепке дейінгі басқа да ұйымдардың өкілдері өздерінің көрмесін қойып, үш жылдан бергі жұмыс нәтижелерін бөлісті. Форум облыс деңгейінде қорытындыланғаннан кейін, әрі қарай республика деңгейінде таратылып, тәжірибе алмасу жүргізіледі. Секция жұмысы барысында қатысушылар мектепке дейінгі тәрбиелеу оқыту бағдарламасын іске асырудың 5 бағытында «Әжемнің ертегісі» жобасында жасалған жұмыстарының нәтижесін қалай пайдалануға болады, ұлттық дәстүр мен құндылықты дәріптеу мақсатында тәжірибе алмасты. Бала бойында кішкентайынан бастап Отанына, еліне, отбасына деген сүйіспеншілікті қалай қалыптастыруға болатынын шеберлік сыныптар арқылы көрсетіп жатыр, – дейді



ҚР Оқу-ағарту министрлігінің балаларды ерте дамыту институтының директоры Манара Адамова.

Форум жұмысына ұсынылған жобалар: пікірталас алаңдары және пленарлық отырыстарда таразыланды.

– «Әжемнің ертегісі» жобасының басты мақсаты – мектепке дейінгі жастағы балаларға қазақ тілін үйрету және олардың бойына қазақтың ұлттық құндылықтарын сіңіре отырып, балаларға рухани адамгершілікті дәрiптeу. «Әжемнің ертегісі» жобасы облыстың барлық балабақшаларында жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар, осы іс-шара арқылы тәрбиешілер мен педагогтер өзара тәжірибе алмасты, – дейді Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының директоры Бақытұл Әбдікерова.

Пікірталас «Балаларға туған өлке тарихы мен мәдениетін таныстыруда қазақ

ертегілерін пайдалану», «Мектеп жасына дейінгі балаларды қазақтың көркем әдебиетімен таныстыру үдерісіндегі қос тілділік», «Әжемнің ертегісі» жобасы арқылы мектеп жасына дейінгі бала-

лардың танымдық әлеуетін дамыту», «Әжемнің ертегісі» жобасы арқылы балалардың бойында дене тәрбиесі мен экологиялық мәдениетті қалыптастыру» атты төрт алаң бойынша өрбіді. Күннің екінші жартысы пленарлық бөліммен қорытындыланды. Пленарлық бөлімге «Ерте даму институты» РММ, Е.Бокетов атындағы Қарағанды университетінің өкілдері, әдістемелік кабинеттердің меңгерушілері, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға жетекшілік ететін білім бөлімдерінің әдіскерлері, педагогтер, ата-аналар қауымы, облыстың мектепке дейінгі ұйымдарының директорлары қатысты.

Аружан АМАНБЕКОВА,
Е.Бокетов атындағы
Қарағанды университеті
журналистика кафедрасының
2 курс студенті

• «УСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС...»

Ізгілік жаршысы

Мұғалім сөзінің мән-мағынасы айқын: ол мазмұны ізгіліктен тұратын кәсіп. Дүниенің асылын іздеп тауып, оны өзгеге үйрететін жан... Сондай ұстаздың бірі – Абай атындағы гимназияның бастауыш сынып мұғалімі Нақып Есенжолова 30 жыл бойы шәкірттерінің бойына білімнің нәрін беріп, даналықтың дәнін сеуіп келеді.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



«Тектіден текті туады, тектілік тұқым қуады» дегендей, Нақып Есенжолованың әкесі Көкенай Мұстағұлов еліне қадірлі ұстаз болған екен. Нақып Көкенайқызы әкесінің ізін қуып, ұстаздық жолды таңдады. 1984-1988 жылдары Абай атындағы Саран педагогикалық училищесінде білім алады. Сол жылы Қарағанды педагогикалық институтына «Бастауыш сынып мұғалімі» мамандығы бойынша оқуға түсіп, оны 1993 жылы бітіріп шығады.

Ұстаздық жолын Бұқар жырау ауданындағы Қаражат орта мектебінен бастайды. Осында он жыл бойы табан аудармай сабақ беріп, көптеген шәкіртінің өмір шырағын жағады.

2003 жылы Қарағандыға көшіп келгеннен кейін №29, №81 мектептерде жұмыс істеді. Сол кездері қаланың Оңтүстік-Шығыс бөлігінде орналасқан мектептерде қазақ сыныбы болмады. №29 мектептің директоры жаңадан келген мұғалім Нақып Есенжоловаға қазақша оқығысы келетін балаларды жинаса, қазақ сыныбын ашуға болатынын айтады. Сөйтіп мұғалім бастауыш сыныпқа бала жинап, сағын 20-ға толтырып, қазақ сыныбын ашады. Осылайша, балалардың өз тілін жетік білуіне, өз тілінде білім алуына ықпал етеді. Кейін оқушылар мен мұғалімдер №81 мектепке ауысады. Нақып Көкенайқызы осы мектепте әрі қарай ұстаздық қызметін жалғастырады.

Осылайша, әке жолын қуған ұстаз 30 жыл бойы қаншама оқушыға білім мен тәрбие беріп, қанатын қатайтты. Ұстаздың өмірлік ұстанымы да өзгеше. «Әрбір бала бір-бір жұлдыз. Олардың әрқайсысының жарықрауына жәрдем ету – менің басты парызым» дейді.

Зейнолла Қабдолов: «Ұстаз болу – өз уақытын аямау, өзгені бақытын аялау» деп қалай дөп айтқан?! Нақып Есенжолова сол үдеден шыға білген жан. Сабақ

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

«Әке көрген оқ жоңар...»

Әлихан Бөкейхан атындағы орта мектеп педагогикалық ұжымның оқу-тәрбие жұмысының сапасын жақсарту мақсатында шығармашылық ізденісті кеңейтіп әрі жүйелі өрістетіп келеді. Биыл мектеп басшысы Айнұр Тұрғанбекқызының бастауымен ашылған ұлттық құндылықтарды тануға жетелейтін «Отбасылық» кабинетте 2-ші сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Ұл әкеден үйренбей сапар шекпес...» атты дөңгелек үстел өтті. Оған оқушылар әкелерімен қатысты.

Мақсаты – бала тәрбиесіндегі әке рөлінің әкелер мен ер-азаматтардың мәртебесін көтеру, тұлғаны тәрбиелеу туралы ой бөлісу.

Іс-шараның алғашқы кезеңінде әкелер бір шеңбер бойына тұрып, өзінің жақсы қасиеттерін айтып өздерін таныстырды.

Салт-дәстүр жайындағы сұрақтарға жауап берді. Келесі кезеңде өздері жасаған қолөнер бұйымдарын балаларға таныстырды. Атап айтсақ, қамшы, сандық, ер тоқым.

Сонымен қатар, жағдаяттық сұрақтарға жауап беріп, өз балаларының жақсы қасиеттерін айтып жарысты. Өткізілген іс-шара мазмұн-мағынасы мен жас ұрпаққа берген өнегелі тәлім-тәрбиесімен маңызды.

Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнері мен білімі баланың көз алдындағы үлгі-өнеге екені белгілі. Олай болса, болашақ ұлдарымыз осы әкелерінің жақсы қасиетін бойлараны сіңіріп



өсе берсін! Ұлт мүддесі – ұрпақ болашағы!

Гүлбаршын ИБРАЕВА,
Ә.Бөкейхан атындағы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі

• ЖАҢА МҮСІН

Ертегіден ұшып келген тырналар

Қарағандыда жұп тырна мүсіні орнатылды. Нұркен Әбдіров даңғылында балалар қалашығының 50 жылдығына орай қос тырнаның көркем сұлбасы енді кеніштер астанасының әрiн кiргiзедi. Ерекше ескерткiштi тұрғындар мен қала қонақтары оң бағалауда.

Ерканат КЕНЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Тырна ежелден даналық пен баянды ғұмырдың, қырағылықтың нышаны. Қала орталығында пайда болған көркем мүсін балалар қалашығының сәніне айналмақ. «Біздің қала» бастамашыл тобының төрағасы Галина Пақ ертегілер әлемінен келгендей ұр жаңа ескерткіш балақайлардың эстетикалық тәрбиесіне игі әсер етеді деп топышалайды.

Табиғаттың ерке құсы жамиғаттың көз жауын алар қалыпқа айналғанына өзiм бек қуаныштымын. Ауық-ауық мұндай жаңа элементтердiң жеткiншектер қалашығында пайда болуы заңдылық. Бұл

мүсiнге ұқсас дүниелердi өзге қаладан кезiктiрмеппiн. Мүсiн осыншымен құнды, осыншымен өмiршең, – дейдi Галина Сергеевна.

• ДІН – ДИҢГЕК

Діни сауаттылық – қоғам қауіпсіздігі

Қарағанды қаласында облыстық дін істері басқармасының ұйымдастыруымен мемлекеттік-конфессиялық саясатты, конфессияаралық келісімді және діни экстремизмнің алдын алуды қамтамасыз ету мәселелері бойынша оқыту семинары өтті.

Семинарға Ұлттық қауіпсіздік комитеті академиясының Терроризмге қарсы дайындық орталығының дінтанушысы Болат Шоманов, Қарағанды облысы конфессияаралық проблемаларды зерттеу және талдау орталығының теолог және психолог мамандары, дінтанушылар, Қарағанды қаласы мешіттерінің имамдары, Қарағанды облысы аудандарының жастар орталықтарының мамандары қатысты. Шара барысында ислам дінінің қалыптасуы, теріс ағымдардың пайда болу тарихы баяндалды. Жастардың радикалды діни ұйымдарға бет бұруы, басқа елдерден немесе ресми емес бірлестіктерден дін жайлы теріс білім алу мәселелері көтерілді.

– Радикалды бағыттармен күресу үшін оның түпкі шығу тарихын жақсы білуіміз керек. Бұл бағыттардың негізгі мақсаты – еліміздің көркеюіне бөгет жасау, тарихымызды жою, ұлттық құндылықтарды мойындамау, салт-дәстүрімізге қарсы шығып, мәдениетімізден айыру. Мәдениет жоғалған кезде экстремизм және терроризм пайда болады. Экстремизм заңды бұзу, қоғамда қалыптасқан мәдени-рухани құндылықтарды жою ниетінде қалыптасады. Ал осы ниет іс-әрекетке көшкенде бұл терроризмге ұласады. Жас буын осыны біле бермейді. Осы бір құбылысты жою үшін сіз бен біз болып ағасымыз қажет. Мәселені тек бір жақты қарастыруға болмайды. Осындай жағдайлардың болуына басқа мемлекетті, жастарды кінәлай беру дұрыс емес. Бұл кезекте әр адамның өз тәрбиесіне және



санасына байланысты. Ең басынан баланың ата-анасы қажетті білім беріп, дін туралы түсінігін қалыптастыруда сак болса, теріс ағымға бет бұруының алдын алады, – деп баяндады дінтанушы Болат Шаймолданұлы.

Семинар барысында көтерілген тағы бір мәселе – мемлекеттік мекемелерде діни киімдерді кию. Қоғамда осы мәселе қызу талқыда. Осыған қатысты түрлі қатығыстар мен келіспеушіліктер де орын алып жатады.

Осы орайда Қарағанды қаласының Қазыбек би мешітінің бас имамы

Бисқак Абдрахман әйел адамдардың «хиджаб» кию мәселесіне тоқталды. – Мемлекеттік мекемелерде, мектеп, тағы да басқа ұйымдарда

ұстануына құқы бар. Алайда, заң бойынша мемлекеттік мекемелерде дінінзді, сеніміңізді насихаттауға және мақсатты түрде ашық көрсету-

• АГРОӨНЕРКӘСІП

Алқаптарға дәрі себілді

Егістіктерді зиянкестерден қорғау – өзекті мәселе. Егіннің бітік шығып, өнімінің мол болуы топырақтың құнарлына, су мен жылудың мөлшеріне ғана емес, алқаптың зиянкестерден дер кезінде қорғалуына тікелей байланысты. Осы орайда Қарқаралы ауданындағы егістік алқаптарда зиянкестерге қарсы химиялық өңдеу жұмыстары жүргізілді.

Сағыншы ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 19 наурыздағы «Қарсы күрес бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын зиянды организмдердің тізбесін және Фитосанитариялық іс-шаралар жүргізу қағидаларын бекіту туралы» №100 Бұйрығына сәйкес, жыл сайын шегіртке зиянкестеріне қарсы химиялық өңдеу жұмыстары жүргізіледі. Бұл шара биыл да жалғасты. Аудан бойынша 9,24 мың гектар мемлекеттік жер қорындағы алқапқа саяқ шегіртке зиянкестеріне қарсы жүргізілді. Атап айтқанда, Қасым Аманжолов ауылдық округіне қарасты 2600 гектар жер және Темірші ауылдық округіндегі алқап химиялық өңдеуден өтті, – дейді аудандық ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Айдын Қасымов.

Егістік зиянкестерімен күрес жұмыстары Ынталы ауылдық округінде де жалғасады. Химиялық өңдеуден өткен жерлерге жануарларды жібермей, ұланып қалу қаупінің алдын алған дұрыс.

После смерти Селивановой Ирины Николаевны умершей 28 апреля 2023 года открыто наследственное дело. Всем заинтересованным лицам обращаться к нотариусу Динисламовой Минданы Гайнетдиновне. Город Сарань, улица Джамбула, дом 67А. Телефон 87014379918. 8708594 9202.

№335.

• ҚЫЛМЫС

Зейнеткердің ақшасын алдап алған

Қарағанды қаласында өздерін полиция қызметкерлеріміз деп таныстырған екі алаяқ ұсталды деп хабарлайды Polisia.kz. Олар 82 жастағы зейнеткерге қоңырау шалып, қызы жол-көлік оқиғасында кінәлі деп танылып, қылмыстық іс қозғалғаны жайлы хабарлаған. Ал, іс насырға шаппас үшін қомақты сома талап еткен.



Салтанат ІЛНІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Октябрь полиция бөліміне 82 жастағы қала тұрғыны жүгініп, белгісіз адамдардың алаяқтығының құрбаны болғанын хабарлаған. Белгілі болғандай, белгісіз ер адам зейнеткердің үй телефонына қоңырау шалып, өзін полиция қызметкері ретінде таныстырған. Ол зейнеткердің қызына қатысты қылмыстық іс қозғалды деп хабарлап, мәселе ойдағыдай шешілу үшін 7 млн. теңге талап еткен. Алаяқтың сөзіне сенген

қарағандылық қолына небары 2 млн. теңгесі ғана бар екенін айтып, қолма-қол ақшаны үйдің ауласында бейтаныс адамға ұстатып жіберген. Кейіннен ешқандай қылмыстық іс қозғалмағаны белгілі болған.

Аталған факт Қылмыстық кодекстің 190-бабы, яғни, «Алаяқтық» бойынша тіркелді. Жедел-іздістіру шаралары барысында криминалдық полиция қызметкерлері 30 жастағы екі күдіктіні ұстады.

• ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАЛҚАНЫ

Жас сарбаздар ант қабылдады

Приозерскіде әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлеріне қарасты 44841 әскери бөлімінде әскери ант қабылдау рәсімі өтті. Салтанатты шарада 44 жас сарбаз Отан алдындағы борышын адал өтеуге ант берді.

Нұрлан КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алдымен, еліміздің Әнұраны шырқалып, ортаға әскери бөлімнің жауынгерлік Туы шығарылды. Приозерск гарнизоны бастығының міндетін атқарушы подполковник Андрей Зотов жауынгерлерге Әскери антың маңызы туралы айтып, ақ жол тіледі.

Әскери өмірдің табалдырығын жаңа аттаған бозбалаларды Приозерск қаласының әкімі Нұрлан Ламбеков, Приозерск қаласының әскери прокуроры полковник Арман Дармурзаев, Приозерск гарнизонына қызмет көрсету жөніндегі әскери полиция бөлімшесінің бастығы майор Жалғасбек Айдынбеков, Приозерск қаласы ҚР ҚК ардагерлер кеңесінің төрағасы Тілек Кенжебеков және сарбаздардың ата-аналары мен жақындары арнайы құттықтап, сын сағатта сыр бермей, Отан алдындағы борышын абыроймен атқаратындығына сенім білдірді.

– Сіздердің алдарыңызда маңызды міндет тұр. Ол – әскери тәртіпке бағынып, Отан алдындағы әскери

• СЕМИНАР

Оқыту – тәжірибе жинау мүмкіндігі

Облыстық клиникалық аурухананың №1 және №2 перинаталдық орталықтарында семинар өтті. Перинаталдық стационардағы инфекциялық бакылау тақырыбындағы оқыту шарасына акушер-гинеколог, эпидемиолог, анестезиолог-реаниматолог мамандар, медбикелер қатысты.



Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Екі күнге созылған семинарды Қазақстан медициналық университетінің жоғары санатты дәрігер акушер-гинекологы Жұпар Наханова жүргізді.

– Экстрагенитальды патологияны, қарқынды терапия блогындағы науқастарға күтім жасау жолдарын, емдеу ісіндегі жаңашылықтарды үйретудеміз. Перинаталдық орталықтарда көбінесе қан кету, перитонит, сепсис жағдайлары кездеседі. Олар жүктіліктің асқынуына алып келіп, әйел адамның денсаулығына қауіп төндірді. Екі-үш жыл бұрын Қарағанды облысында жүкті әйелдер мен жаңа туған нәрестелердің өлімі көп еді. Қазір азайған. Жалпы, еліміздің басқа өңірлерімен салыстырғанда Қарағанды облысының дәрігер-

лерінің жұмысы өте жақсы жолға қойылған. Мұнда мамандар үнемі біліктілігін арттырып отырады, – дейді Жұпар Кәрібекқызы.

Инфекциялық аурулардың себепі, санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтамаудан болады.

Балқаш қаласы көпбейінді ауруханасының анестезиолог-реаниматологы Жасұлан Шынарбектің орталықтарда көбінесе қан кету, перитонит, сепсис жағдайлары кездеседі. Олар жүктіліктің асқынуына алып келіп, әйел адамның денсаулығына қауіп төндірді. Екі-үш жыл бұрын Қарағанды облысында жүкті әйелдер мен жаңа туған нәрестелердің өлімі көп еді. Қазір азайған. Жалпы, еліміздің басқа өңірлерімен салыстырғанда Қарағанды облысының дәрігер-

ретінде жұмыс істеп жатқаныма бір жол болды. Ауыр жағдайдағы науқастар көп түседі. Мұнда айтылғандарды тәжірибеде қолдануға болады. Инфекциялық асқынуларға қарсы қолданылатын әдістер барлық мамандарға керек деп ойлаймын, – дейді ол.

Ақпарат <https://www.gismeteo.kz/> сайтынан алынды

Қарағанды облысы: ауа райы

	8 маусым		9 маусым		10 маусым	
Қарағанды қаласы	+32	+20	+25	+19	+24	+15
Абай ауданы	+32	+19	+25	+18	+24	+15
Ақтоғай ауданы	+32	+12	+31	+14	+26	+13
Бұқар жырау ауданы	+33	+18	+26	+17	+22	+14
Қарқаралы ауданы	+32	+16	+30	+16	+23	+15
Нұра ауданы	+32	+18	+24	+16	+25	+13
Осакаров ауданы	+33	+21	+24	+17	+24	+14
Шет ауданы	+32	+15	+30	+16	+25	+15



борышты абыроймен атқару. Отанды сүю – туған еліңді, туған жеріңді сүю ерекше сезім. Расында да Отанға деген сезім – әр азамат үшін ең маңызды сезім. Туған-туыстарыңыз және әскери бөлімдеріңіз сіздердің жетістіктеріңізбен мақтансын. Кейінгі жастарға үлгі болыңыздар, – делі Приозерск қаласының әкімі Нұрлан Ламбеков.

Өз кезегінде жас сарбаздар да қысқа мерзімде алған машық-дағдыларын, соның ішінде, қару мен және қарусыз игерген саптық

салмағын анық сезінгені саптық жүрісінен, әскери мәдениеті мен темірдей тәртібінен айрықша байқалып тұрды. Осы күні ант қабылдағандар сарбаздар әскери мерзім аралығында жүктелген аса жауапты міндеттерін атқаруға кірісіп те кетті. Шара соңында жас жауынгерлердің туған-туыстары қазарма үй-жайға, сарбаздар асханасына, медициналық бекетке бас сұғып, бөлімнің тыныс-тіршілігімен танысты.

ПРИОЗЕРСК

Қарағанды облысы Саран қалалық соты Қарағанды облысының Ақтас елді мекенінде тұратын, 12.05.1975 жылы туған Николай Васильевич Шрамконың шағмы бойынша 30.07.1928 жылы туған Василий Иванович Шрамконың қайтыс болғаны туралы іс қозғалды.

Аталған фактіге қатысты мәліметке сәйкес, қайтыс болардан бұрын марқұм Василий Иванович Шрамконың тұрғылықты мекені Қарағанды облысы Саран қаласы болған.

Азамат Василий Иванович Шрамконың барған жері туралы мәлімет білетін адамдардан осы хабарландыру жарық көрген соң үш ай ішінде сотқа хабарлауды сұраймыз.

№337.

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексін, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы: fnk.kar@minfin.gov.kz

Д

«Saryaqsa Aqparat» медиахолдингінің ұжымы ақын, жазушы, республикалық «Қасым» журналының бас редакторы Серік Сағынтайға бауыры Аңсаған САЯТҰЛЫНЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қарағанды облысы әкімінің аппараты жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен жұмыс жөніндегі бөлімнің бас маманы Корлан Сабетқызы Бекимоваға орны толмас ауыр қаза анасы

Шолпан Оспанқызы АКУЛОВАНЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Бұқаралық спорттың берері мол

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында дене шынықтырудың денсаулық кепілі екендігіне баса мән берген. Сонымен қатар, Президент бұқаралық және балалар спортымен шұғылдануға барлық жағдай жасалу керектігін атап өтті. Осыған сай өңірлерге спорт инфрақұрылымдарын кезең-кезеңімен салуды қамтамасыз етуді тапсырды. Яғни, бұл дегеніміз, елімізде бұқаралық және балалар спортының дамуына, спорттық инфрақұрылымның денесін шынықтырғысы келетін азаматтар үшін қолжетімді болуына айрықша көңіл бөлініп отырғанын көрсетеді.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Президенттің бұл тапсырмасы бойынша облысымызда біршама істер атқарылып жатыр. Бұқаралық спортты дамытуға облыс бойынша биылғы жылы – 2 млрд. 440 млн. 982 теңге қаржы бөлінді. Бөлінген қаржыға сәйкес 8 мыңға тарта баланы қамтуды жоспарлаған болатынбыз. Қазіргі таңда бала саны 14 мыңға дейін өсіп отыр. Яғни, қаржыға қосымша қажеттілік 1 млрд. 251 млн. теңгені құрады. Ал, осы бөлінген қаражатқа сай өңірімізде 456 мыңнан астам адамды қамтыған 1402 дене шынықтыру және спорттық ұйым жұмыс істейді.

Сонымен қатар, жергілікті деңгейде оқушылар мен жасөспірімдердің бос уақытын қамтамасыз ету мақсатында да 33 404 адамды қамтитын 46 спорт мекемесі (оның ішінде 2 – жоғары спорттық шеберлік мектебі, олимпиадалық резерв даярлау орталығы, Ә.Молдағұлова атындағы мектеп-интернат-колледжі) де өз жұмысын қарқынды атқаруда, – деп облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Темірхан Абылаев.

Басқарма басшысының есебіне сүйенсек, спортпен шұғылданып жастар саны бүгінде 69 809 адамды құрайды. Ал, жылдың соңына дейін алда тұрған жоспарда оны 71 931-ге арттыру бар. Жұмыс дәл осы қарқынмен жалғасса, жыл аяғына дейін бұл жоспар да орындалады деген ниеттеміз.

Сондай-ақ, өңіріміздің білім ошақтарында 82 298 баланы қамтитын ірілі-ұсақты 4358 спорттық секция бар. Ал, колледждерде 16 411 баланы қамтыған 431 секция болса, жоғары оқу орындарында 13 667 түлекке 126 спорттық орын бар екендігі де мәлім. Бұл дегеніміз – бүгінгі таңда қарағандылықтардың спортпен айналысуға мүмкіндігі анағұрлым артып деген тұжырым. Қазіргі уақытта балалар мен жасөспірімдерді спорт секцияларына тарту мақсатында мемлекеттік тапсырысты жан басына шаққандағы қаржыландыру іске асырылуда. Спорттың 24 түрінен 167 спорт секциясы ашылды, онда 13 702 бала тегін жаттығуда.

Бүгінгі таңда облыс бойынша 388 спорт нұсқаушысы жұмыс істейді. Оның 143-і ауылдық жердегі нұсқаушылар. Әрине, бұқаралық спорттың даму сатысындағы бір маңызды мәселе осы емес пе? Осы тұрғыда




Коллажы жасаған Ш.Адамбекова

өңір басшылығына қала, аудан, ауылдардағы спорттық нұсқаушылар жалақысын өсіріп, оларға балаларды ерекше ынтамен дайындауға жағдай жасау қажеттігі жеткізілген болатын. Бұл мәселе спорттық инфрақұрылымның жеткілікті деңгейде және жалпыға бірдей қолжетімді болуына да байланысты.

– Жаз келді. Ауыл-қала тұрғындары фитнес залдарға ағыла бастайды. Бұдан бірер жыл бұрын спорт кешендері, фитнес залдар аз еді. Ал, қазір жағдай біртіндеп қалыпқа келуде. Әлихан Бөкейхан ауданының өзінде 5-6 жаттығу залдары жұмыс істейді. Оларда бокс, күрес, аралас жекпе-жек және фитнес залдары қамтылған. Біздің өскелең ұрпаққа бұл әжептәуір көмек. Олар бос уақыттарын көбінде жаттығу залдарында өткізеді. Бұл оларды жаман әдеттерден (те-

мекі, есірткі, шараптан) алшақ ұстауға кепіл, – дейді «Достар» фитнес залының жаттықтырушысы Виталий Пахомов.

Расында, жазғытұрым қала тұрғындары суға шомылу кезеңіне қарсы дене тұрықтарын жөнге келтіруге кірісетіні жасырын емес. Жекпе-жек, күрес немесе бокс залдарын былай қойғанда, фитнеске барушылар



РЕФОРМА –
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

• **ФУТБОЛ**

Жаңа жетекші – ТЫҢ ТАКТИКА

«Шахтер» футбол клубының бас бапкері Игорь Йовичевич украиндық «Днепр-1» командасынан кеткені рас екенін айтты. Ол «Шахтер» футбол клубына біржола келмек.

– Украинадағы жағдайға байланысты ондағы команда басшылары көп ойынды кері шегерді. Ал, болашақта «Днепр-1» команда құрамы мен ойынның негізгі тактикасын ауыстырмақшы. Осы бір үзіліс кезінде мен Қазақстанның белді «Шахтер» командасымен байланысқа шықтым. Олар менімен жұмыс жасауға оң көзбен қарады. «Шахтерға» түбегейлі мүше болғанымға тамыл команданда жетекшілік етуден бас тарта алмаған. Бұл «Шахтер» жанкүйерлерінің көңіліне майдай жақты. Йовичевичтеі бапкер мен «Шахтердің» тактикасы тынайып, жеңіске деген бәсі басым болары хақ.

• **ТЕННИС**

Қарағандылық қара үзді

Грузияның Тбилиси қаласында 18 жасқа дейінгі ойыншылар арасында теннистен ITF Juniors J60 сериясының турнирі аяқталды.

Дүбірлі додада Қарағанды қаласының теннис мектебінің тәрбиеленушісі, қазіргі уақытта Чехияның үздік теннис академиясында жаттығып жүрген 15 жасар Әмір Омарханов турнирдің жеке және жұптық разрядында жеңіске жетті.

Жекеде финалда Әмір эзирбайжандық Канон Гасимовты 6:1, 6:3 есебімен сенімді түрде жеңді. Финалға жету жолында қазақстандық бірде-бір кезекте қарсыласқа есе жібермеді. Ал, жұптық разряд атағы үшін шешуші матчта Әмір болгар Иван Найденовпен қазақстандық жұп Ильяс Маратұлы мен Виталий Зацепинді 6:3, 6:4 есебімен жеңді. Грузия астанасындағы жемісті жеңістің арқасында қазақстандық жанарханов жасөспірімдер әлемдік рейтингінде 298-ші орынға көтерілді.



• **АУЫР АТЛЕТИКА**

Сайыс сайыпқырандары анықталуда

Қарағандының Қ.Нұржанов атындағы жеңіл атлетика манежінде жас зілтеміршілер бак сыйайтын Қазақстан чемпионаты басталып кетті. Еске сала кетсек, бұл Қарағандыда олимпиадалық спорттың ауыр атлетика түрінен алғаш өтіп жатқан жарыс.

Сайыс басталысымен республика аумағынан жиналған сайыскерлер арасынан бірінші күннен көзге түскен жетісулық Айбек Ералы бас жүлдеге ие болды. Ол 33 келі салмақта бак сынап, сермеп көтеруде 44 келіні игерді.

– Жалпы Қарағанды шаһары ауыр атлетика чемпиондарын өсіріп, баптар негізгі ұя, ұстахана десем артық болмас. Менің көптен бергі орындалмай жүрген арманым. Қарағанды қаласында ауыр атлетика жарысын өткізу еді. Міне, арманымыз орындалып, жас балуандардың қабілет-қарымын байқау бұйырды, – дейді ауыр атлетикадан әлем чемпионы Илья Ильин.

Ал, ауыр атлетикадан Қарағанды облысы Федерациясының Президенті Святослав Радченконың айтуынша, ұйымдастырылған жарыстар жас спортшылар арасында ең үздіктерді анықтайды.

Дайындаған
Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

• **БАЙҚАУ**

Өнерлі өрендер бас қосты

Қарағанды қаласында балалар шығармашылығына арналған «Жаңа есімдер» атты ІХ облыстық байқауы өтті. Байқауды облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен облыстық мәдени-сауық және халық шығармашылығының ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырды. Оған Бұқар жырау, Қарқаралы, Нұра, Осакаров, Ақтоғай, Шет аудандары мен Балқаш, Теміртау, Саран, Шахтинск қалалары мен Ақтас кентінен 600-ден астам үміткер қатысты.



Өнер додасы 4 аталым аясында өтті. Атап айтсақ, «Менің отаным – Қазақстан» бейнелеу және колөнер көрмесі, «Би», «Ән», «Көркемсөз оқу» номинациясы.

«Бейнелеу көрмесі» мен «Би» номинациясы Кеңеслер мәдениет сарайында, «Ән» аталымы Академиялық музыкалық комедия театрында, ал, «Көркемсөз оқу» номинациясы Абай атындағы облыстық балалар кітапханасында өтті. Осы кезеңдерде әр қатысушы өз бағын сынап, бойындағы ерекше өнерін көрсетті. Қазылар алқасы да бағасын беріп, пікірін ортаға салды. Байқау қаты-

сушыларын ынталандыру сыйлықтарымен марапаттады. Ақшалай сыйлықтардан ІІІ орынға – 30 мың теңге, ІІ орынға – 40 мың теңге, І орынға – 45 мың теңге, Бас жүлде иегерлеріне 50 мың теңгеден берілді.

«Менің Отаным – Қазақстан» тақырыбында өткізілген бейнелеу және колөнер көрмесінде сурет өнерінің түрлі бағыттары қамтылды. Олар: портрет, коллаж, жіппен салынған суреттер, майлы бояу және шеге арқылы жасалған түрлі туындылар болды. Көрме бойынша, ІІІ орын «Радуга», «Творческое мастерство» студияларына берілді.

«Би» номинациясындағы қатысушылар бидің екі түрі бойынша өнер көрсетті. Олар – дәстүрлі және еркін бағыттағы билер. «Би» номинациясына қатысушылардың барлығы би ұжымдары және олардың ортаға салған өнерлері таңқаларлықтай ерекше әрі жоғары деңгейде болды. Бас жүлдені «Глория» би ұжымы жеңіп алды.

«Ән» номинациясында әннің екі бағыты қарастырылды. Олар патриоттық және дәстүрлі әндер. Көрерменді дауысымен баурап алған қатысушылар ынталандыру сыйлығына ие болды. Мұнда ІІІ орынға ие болған қатысушылар – Кеусар Рүстем мен Аружан Нұриддин. Жүлделі ІІ орын иегері Ақниет Балғабайқызы, І орынға Рустам Ақбай жайғасты. Бас жүлде иеленген – Айзере Бекет.

«Көркемсөз оқу» номинациясында орыс және қазақ жазушылары мен ақындарының көңілге ой саларлық туындылары оқылды. Мұнда ІІІ орынға ие болған Назерке Макабаева мен Камилла Есенова. ІІ орынды Никита Михайленко мен Сабина Ізтілеуова алса, номинацияның І орынын Элизавет Михайленко иеленді.

«Бұл – Халықаралық балалар күні аясында өткізіліп отырған байқау. Байқаудың мақсаты – балаларға рухани-адамгершілік тәрбие беру, шығармашылық қабілетін арттыру, жаңа талант көздерін ашу. Байқаудағы әр кезең өз ерекшеліктерімен көрерменнің көшеметіне ие болды», – дейді байқау ұйымдастырушылары.

Алданыш ОЛЖАБАЕВА,
Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің ІІ курс студенті
Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• **ФУТБОЛ**

Аңыз ойыншы клубпен қоштасты

Аты әлемге мәшһүр «Реал Мадрид» футбол клубының капитаны, «Алтын доп» иегері Кәрім Бензема маусым аяқталған соң карольдік ұжым сапынан кететін болды. Танымал футболшы 16 жылдан соң өзі ойынаған футбол клубымен біржола қоштасты.



Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ақпаратты «Реал Мадрид» клубының ресми сайты растады. Бұдан бірер күн бұрын карольдік клуб пен атақты шабуылшы келісім-шартты тоқтату туралы өзара шешімге келген болатын.

«Реал» ұжымы клубтың аңыз ойыншыларының біріне шексіз алғысын білдіреді. Келесі сейсенбі, 6 маусым күні 12:00-де карольдік клубтың президенті Флорентино Перестің қатысуымен Кәрім Бенземаны шығарып салу рәсімі өтеді», – делінген хабарламада.

Айта кетейік, Кәрім Бензема «Реал Мадрид» сапында 2009 жылдан бері ойнап келеді. Ол карольдік ұжым сапында 647 матч өткізіп, 353 гол соққан және командаластарына 165 нәтижелі пас берген. Кәрім Бензема «Реал Мадрид» сапында 25 жүлде ұтты. Оның ішінде Чемпиондар лигасының бес кубогы бар. Сонымен қатар, «Алтын допты» жеңіп алды.

